

Ш. ҚҰЛМАНОВА, Б. СҮЛЕЙМЕНОВА, Т. ТОҚЖАНОВ

Музыка

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

2

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨОЖ 373.167.1
КБЖ 85.31я72
Қ 74

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен бастауыш білім беру деңгейінің 1–4-сыныптарына арналған «Музыка» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:



– музыканы тыңдау



– музыкалық сауат



– әнді орындау, аспапта ойнау



– таныстырылымды бағалау



– ойын



– оқу



– тапсырмалар, сұрақтар

Құлманова Ш. және т.б.

Қ 74 Музыка: Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық/
Ш. Құлманова, Б. Сүлейменова, Т. Тоқжанов. – Алматы: Атамұра, 2017. –
144 бет.

ISBN 978-601-306-692-9

ISBN 978-601-306-692-9

© Құлманова Ш., Сүлейменова Б.,
Тоқжанов Т., 2017
© «Атамұра», 2017

АЛҒЫ СӨЗ



Балақай! Біздің өміріміз музыкаға толы. Музыка өмірдің түрлі жағдайларын дыбыстар мен әуендер арқылы жеткізеді. Сен бұл оқулықтан музыка туралы көптеген мәлімет алатын боласың.

Саған сәттілік тілейміз!

1-бөлім. ӨЗІМ ТУРАЛЫ



Бөлімнен:

- әртүрлі көңіл күйдегі музыканы талдауды және талқылауды;
- тыңдаған шығармаға өз ойыңды, пікіріңді білдіруді;
- таңдаған ойыншығың туралы әуен шығаруды;
- әртүрлі әндерді орындауды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- жоғары, төмен дыбыстар;
- *соль, ми, до* ноталары;
- екпін: баяу, жылдам, жүйрік, тым жылдам емес, тым баяу емес, орташа;
- соққы, ырғақ;
- динамика: қатты (*forte*), ақырын (*piano*);
- сүйемелдеу;
- төрттік, сегіздік нота ұзақтықтары;
- музыкалық көркемдеуіш құралдар.

Терминдер мен ұғымдар:

- ән – песня – *song*;
- пьеса – пьеса – *piесе*;
- сүйемелдеу – аккомпанемент – *accompaniment*.



МУЗЫКАЛЫҚ ҚОРЖЫН

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.



Музыкалық қоржын

Музыкасын жазғандар: Г. Абдрашева, Ә. Бүшікова.



Міне, сен енді екінші сынып оқушысысың. Бір жылдың ішінде бірталай білім алдың, есейдің. Өткен жылдағыдай сабаққа барып жүрсің. Ал сен демалғанда түрлі қызықты ойындар ойнап жүрсің бе? Жақсы көретін ойыншықтарың бар ма?



«Ойлан, тап»

(ойын)

Ойынның шарты:

Ортада атаның қоржыны. Сыныптастарыңмен бірге айнала шеңбер жасай отырып, қоржында қандай ойыншықтар бар екенін табыңдар.

Мына торкөздерден ойыншықтардың атауын тауып айт:

Т			Е
---	--	--	---

Қ			Н
---	--	--	---

Ж				Н
---	--	--	--	---

Қ		С
---	--	---

?! Музыканы тыңда. Қоржыннан шыққан ойыншықтарды орындалған музыкалық пьесалармен салыстырып, ұқсастығын тап. Мына сұрақтарға жауап бер:

- Түйе, қоян, жылан, құс сияқты ойыншықтарға қайсы музыка сәйкес келеді деп ойлайсың?

- Қандай көркемдеуіш құралдар арқылы ұқсастығын немесе айырмашылығын табуға болады?



Екпін, ырғақ, дыбыс күші, дыбыс биіктігі музыкалық көркемдеуіш құралдарға жатады.

2-тапсырма. Музыка шығару.



«Ойыншық әуені»

(суырыпсалма ойын)

1. Өз тобыңмен бірге *соль* және *ми* ноталарын пайдаланып, ойыншыққа арналған әуен шығар. Мына нұсқалардың біреуін таңдап ал:

- ойыншық атауларының біріне;
- таныс өлеңге;
- өз мәтіңіңе.

2. Өз ойыңмен бөліс:

- Әуеннің ырғағы ойыншықты сипаттай ала ма?
- Екпін арқылы ойыншықты сипаттауға бола ма?

3-тапсырма. Орындау.



Ойыншықтар

Өлеңін жазған: Н. Әлімқұлов.

Әнін жазған: И. Нұсіпбаев.



1. Біздерде бар қуыршақ,
Бұзау, қозы, құлыншақ.
Ойыншықтар тыңдайды,
Әмір беріп бұйырсақ. } 2 рет
2. Қуыршақтар ұйықтайды,
Айтқаныңнан шықпайды.
Ал қозы мен құлыншақ,
Ұйықта десең, ұқпайды. } 2 рет



1. Әнді мәнерлеп, әдемі айтуға тырыс.
2. Тыңдаған әннің ырғағын сылдырмақ немесе асатаяқ аспабымен сүйемелде.



ОЙЫНШЫҒЫМА АРНАЛҒАН БЕСІК ЖЫРЫ

1-тапсырма. Музыканы тыңдау және талдау.



Бесік жыры

Өлеңін жазған: А. Асылбек.

Әнін жазған: Ә. Бүшікова.



1. Өне, балақай,
Кеш болды, алақай!
Аспанда жұлдыз,
Қалқиды жаңа Ай.
Қарашы, балақай.

Қайырмасы:

Жұлдыздар жайнайды,
Жымыңдап ойнайды,
Тыныштық ойлайды.
Жата ғой, балақай.

2. Үнсіз таулар да,
Бақша да, баулар да.
Мүлгіген сенің
Күндізгі аулаң да,
Қарашы, балақай.

Қайырмасы.

3. Өнші құстар да
Түн болса, ұшқан ба?
Бір мезет тыным
Табады құстар да,
Тынымсыз құстар да.

Қайырмасы.

- ?! •** Өн адам өмірінің қай кезеңін сипаттап тұр?
• Өн қандай сезімдерді оятады?
• Осындай өндерді ана баласына тәуліктің қай мезгілінде айтады?

«Бесік жыры» – нәрестеге арналған өн. «Бесік жырымен» ана баласын жұбатады, ұйықтатады.



Бесік жыры

Музыкасын жазған: Г. Абдрашева.

- Музыка нені суреттейді?
- Екі шығарманы салыстыр. Ұқастығы мен айырмашылығын тауып, түсінігіңді айт.

2-тапсырма. Ақпарат іздеу.

- ?! • «Бесік жыры» дегеніміз не?
- ?! • «Бесік жыры» қалай орындалады?
- ?! • «Бесік жырын» қалай сипаттайсың?
- ?! • «Бесік жырының» мазмұны туралы не айтасың?

3-тапсырма. Сыныптағы талқылау.

- ?! • «Бесік жырын» орындау үшін суреттерден қай аспапты таңдайсың? Неліктен?



домбыра



сазсырнай



даңғыра



асатаяқ



қобыз

- «Бесік жырына» «форте» немесе «пиано» аталымдарының қайсысын қолданар едің?

Дыбыс күшін көрсететін белгілер **форте** – *f* – қатты, **пиано** – *p* – ақырын деп аталады.

4-тапсырма. Музыка шығару.

- ?! •** Топпен бірге *соль* және *ми* ноталарын пайдаланып, қуыршаққа арнайы бесік жырын шығар. Ұрмалы, шулы аспаптардың біреуін таңдап, шығарған әніңді орындап бер.

Таңдау нұсқасы:

1. Ән түрінде.
2. Аспапты музыка түрінде.

5-тапсырма. Орындау.



Бала уату

(қазақтың халық әні)

1. Әлди-әлди, бөпем-ай,
Әлди өнге салам-ай.
Әлди өнге мен салсам,
Бөпем ұйықтап қала ма-ай.
2. Әлди-әлди, бөпешім,
Жылай беріп не етесің?
Қаз тұрасың ертең-ақ,
Төй-төй басып кетесің.

- ?! •** Әннің бірінші шумағын үйрен.
- Әннің әуеніне, сөзіне көңіл бөл, түсінгеніңді айт.
 - «Бесік жыры» әнінің музыкасымен салыстыр, айырмашылығын және ұқсастығын тап. Әуен қозғалысына, екпініне, ырғағына, дыбыс күшіне назар аудар.

Қосымша тапсырма:

- ?!** *Соль*, *ми* ноталарын пайдаланып, «Әлди-әлди, бөпем-ай, әлдиледім еркетай!» деген сөйлемді сыныптастарыңмен бірге орындап бер.

МИ	МИ	МИ	МИ
Әл-	Әл-	бө-	ай
СОЛЬ	СОЛЬ	СОЛЬ	
ди	ди	пем-	



СҮЙІКТІ ӘУЕНДЕРІМ

1-тапсырма. Музыканы тыңдау және талдау.



Бөбегім

Т. Тоқжановтың күйі



Күйші күйді тартып, «Бө-пе-шім, кө-ке-шім, Ай-на-ла-йын бө-пе-шім» деп домбыраға қосылып әуендетеді.

?! Күйді тыңда, мына сұрақтарға жауап бер:

- Балаға деген өке махаббаты қалай суреттелген?
- Күйдің екпіні қандай?
- Оның дыбысталуы қандай?

Күй – домбыра және басқа қазақ халық аспаптарында орындалатын музыкалық шығарма.

Күйді тартатын адамды күйші, орындаушы деп атайды.

2-тапсырма. Орындау, суырыпсалма.

• «Бө-пе-шім, кө-ке-шім, Ай-на-ла-йын бө-пе-шім» деген сөздердің күй ырғағын таяқшалармен көрсет.

• Жоғарыда көрсетілген сөздердің ырғағын шапалағыңмен соғып, таяқшалармен көрсет.

• «Бөбегім» күйіндегі әуендерді мына белгілерді пайдаланып орында:


f *p* *f* *p*
Бөпешім, көкешім, Айналайын бөпешім.

• Әуенді шулы аспаптармен сүйемелде.

3-тапсырма. Талқылау және орындау.

• Нота қандай фигураға ұқсайды?

• *Соль* және *ми* ноталары қай сызықта орналасқан?



- *До* нотасымен таныс.
 - *До* нотасының дыбысталуы мен *соль*, *ми* ноталарының өзара дыбысталу ерекшеліктері қандай?
 - *До* нотасы қай сызықта орналасқан?
- Соль*, *ми* және *до* ноталарын орында.



«Нотаны тап»

Ойынның шарты:

Сендерге берілген үш нотаны мұғалім әртүрлі реттілікпен орындайды, ал оны сен оқушылармен бірге тап. Содан соң *до*, *ми*, *соль* ноталарымен берілген қысқа әуенді орында.

4-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.



Өз жұмыстарыңды көрсет және басқа топтарды бағала:

- Не сәтті болды?
- Әуенді тағы да қалай жетілдіруге болады?

5-тапсырма. Әнді орындау.



- «Бала уату» халық әнінің екінші шумағын үйрен. Мазмұнына қарай мәнерлеп орында.
- Таңдаған шулы аспаппен сүйемелде.



АҚЫЛДЫ ОЙЫНШЫҚТАР

1-тапсырма. Сыныптағы талқылау.



- Суретке қарап, ақылды ойыншықтар дүкеніне барғаныңды елестет.
- Саған қандай ойыншықтар ұнайды?
- Олар туралы өзіңнің сыныптасыңа айтып бер.



2-тапсырма. Музыканы тыңдау және талдау.




Ақылды ойыншықтар

Музыкасын жазған: Г. Абдрашева.

- ?! • Музыканы зейін қойып тыңда.
- Жоғарыда берілген суреттен орындалған музыкаға сәйкес келетін ойыншықтарды тап. Сыныптастарыңа пікіріңді айт.
- Тыңдаған музыкадағы ойыншықтардың атауларын торкөздерден тап.

Р				Т
---	--	--	--	---

Қ						Қ
---	--	--	--	--	--	---



- Музыканың екпіні, ырғағы, дыбыс күші мен биіктігі қандай?

- Музыка таңдаған ойыншығыңды суреттей алды ма?

3-тапсырма. Музыка шығару.

?! • Топтық жұмысқа қатыс. Ақылды ойыншықтардың біреуін таңда және оған өз әуеніңді шығар.

- *До, ми, соль* ноталарын төрттік және сегіздік нота ұзақтықтарымен орында.

- Әуенді шулы аспаптармен сүйемелде.

Ноталардың бөлінуі	Төрттік нота	Сегіздік нота
	 Таа	 Та - та

Суретке қарап, төрттік және екі сегіздік ноталардың белгілерімен таныс. Төрттік нотаның ұзақтығын «Таа» деп сана, ал екі сегіздік ноталарын «Та-та» деп сана. Осы ноталарды шапалақтап көрсет.

4-тапсырма. Орындау.

?! • «Бала уату» халық әнін мәнерлеп, нәзік сезіммен орында.

- Таңдаған музыканы шулы аспаппен сүйемелде. Әннің ырғағын ұрмалы аспаппен орында.




5-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

*** Оз жұмысыңа таныстырылым ұйымдастыр және басқа топтарды бағалауға қатыс:**

- Орындау барысы саған ұнады ма? Неліктен?
- Таныстырылымды тағы да жақсартта түсуге болар ма еді?
- Қалай жақсартуға болады?


Үйренгеніңді тексер:

1.1. Қандай көркемдеуіш құралдар арқылы музыкалық шығармалардың ұқсастығын немесе айырмашылығын табуға болады? Төменде көрсетілген торкөздердегі көркемдеуіш құралдарды ата:




1.2. Ырғақтарды шапалақпен соғып көрсет:

1-деңгей:



2-деңгей:



3-деңгей:



2.1. «Бесік жыры» дегеніміз не?

- A. бала уату әні
- B. балаға арналған өн
- C. балалар демалысына арналған өн
- D. жігерлі айтылатын өн
- E. табиғат туралы өн

«Бесік жырын» ана қалай орындайды?

- A. қатты дауыспен
- B. ақырын, нәзік сезіммен
- C. хормен
- D. оркестрмен
- E. асатаяқтың сүйемелдеуімен

2.2. «Бала уату» әнінің түсіп қалған сөздерін тауып, дәп-теріңе жаз:

Әлди-әлди, ...
... беріп не етесің.

Қаз ... ертең-ақ,
Тәй-тәй ... кетесің.

3.1. Дыбыс күшін көрсететін белгілерді ата.

А. домбыра және басқа қазақ халық аспаптарында орындалатын музыкалық шығарма

В. бірінші мен екінші сызықтардың арасында орналасқан нота

С. сызықтардың арасында орналасқан нота

Д. форте – *f* – қатты, пиано – *p* – ақырын

Е. балалар демалысына арналған өн

Күй дегеніміз не?

А. өннің бір түрі

В. халық билерінің бірі

С. домбыра және басқа қазақ халық аспаптарында орындалатын музыкалық шығарма

Д. сөзсіз айтылатын өннің бірі

Е. бүлдіршіндер биі

Соль нотасы қай сызықта орналасады?

А. бірінші және екінші сызықтардың арасында орналасады

В. екінші сызықта орналасады

С. бірінші сызықта орналасады

Д. бесінші сызықта орналасады


Е. жиі кездесетін нота

4.1. «Ақылды ойыншықтар» пьесасының музыкасы мына заттарды бейнелейді:

- A. айфон, робот, қуыршақ, паровоз
- B. робот, мәшине, ұшақ, телефон
- C. қуыршақ, тікұшақ, робот, домбыра
- D. асатаяқ, қуыршақ, паровоз, арба
- E. кітап, дәптер, робот, телефон

4.2. Нотадағы әуендерді орында:

1-деңгей:



2-деңгей:



3-деңгей:



2-бөлім. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ



Бөлімнен:

- достарыңның аттарын түрлі ырғақпен айтуды;
- түрлі ырғақтарды нотаға салуды;
- түрлі кейіпкерлер бейнесін музыкамен жеткізу жолдарын түсінуді;
- музыкалық саяхат арқылы өз туған жеріңмен танысып, түрлі сипаттағы музыканы түсінуді;
- сәйкес терминдерді пайдалана отырып, музыканы талдауды және талқылауды;
- өз жұмысыңды талдай алуды және оның іске асуы үшін ұсыныстар айтуды;
- отбасы, достар туралы әртүрлі әндерді орындауды және өз ойыңнан әуен шығаруды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- ырғақ;
- сегіздік, төрттік ноталар;
- музыкалық аспаптар: қоңырау, дауылпаз, домбыра;
- регистр.


Терминдер мен ұғымдар:

- ырғақ – ритм – rhythm;
- әуен – мелодия – melody.



ӨЗІМ ТУРАЛЫ

1-тапсырма. Музыка тыңдау және орындау.



- ?! •** Суретте берілген ырғақтарды шапалақ соғып көрсет.
• Ырғақтарды зертте, дәптеріңе жаз, содан соң оны шапалақ соғып көрсет.
• Өз атыңды осы ырғақтарға салып, шапалағыңмен ақырын сүйемелде.

2-тапсырма. Орындау.



Болайықшы осындай

Өлеңі мен әнін жазған: А. Меңжанова.



1. Жақсы бала еңбекшіл,
Ер-азамат болады.
Қиындықты жеңіп кіл,
Құшағы гүл толады.

Қайырмасы: Еңбекшіл осындай,
Болайықшы, досым-ай! } 2 рет

2. Таза бала мұнтаздай,
Сүйсінеді қараған.
«Ұқыпты, – деп, – бұл қандай?!»
Жақсы көрер бар адам.

Қайырмасы.

- ?! •** Әннің әуенін таза әндетіп, сөздерін анық мәнерлеп айтуға тырыс.
- Бастапқы екі жолын ырғақтық сурет бойынша соғып үйрен.

Жақ-сы ба - ла ең - бек - шіл, ер - а - за - мат бо - ла - ды.

3-тапсырма. Суырыпсалма.

- ?! •** «Болайықшы осындай» әнінің ырғағын ұрмалы аспаппен сүйемелде. Өз қалауың бойынша әннің ырғағын түрлендіріп, сүйемелдеп көр.
- Мұғалім әр топқа бірі – дұрыс, екіншісі қате ырғақтардың суреттерін береді. Соның ішінен әннің ырғағын тауып, өз түсінгеніңді айтып бер.



МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ДОСТАРЫМ

1-тапсырма. Орындау.



Менің достарым

Өлеңін жазған: Ө. Ақыпбекұлы.

Әнін жазған: Ә. Бұшікова.



Бірінші досым – Берік,
 Екінші досым – Ерік,
 Үшінші досым – Үкен,
 Төртінші досым – Түкен.
 Бесінші досым – Басқар,
 Алтыншы досым – Асқар.
 Жетінші досым – Жамал,
 Сегізінші досым – Самал.
 Тоғызыншы досым – Тоқан,
 Оныншы досым – Оқан.
 Біздер тату құрбымыз,
 Жазылмайды жұбымыз.

- ?! •** Сыныптастарыңмен бірге әнді көңілді, ойнақы түрде әдемі орында.
- Әнді қайталап орындаған кезде ырғағын шапалағыңмен ақырын сүйемелде.
 - Мына есімдерді: Айғаным, Жолдасбек, Зәуре, Алдаберген, Марат және т.б. ырғақпен соғып көрсет.

Талқылау:

- Мұғалім берген ырғақтық суреттерді зертте және өз тобыңмен ақылдас. Мына сұраққа жауап бер:
- Әр есімге ырғақтық суреттердің қайсысы сәйкес келеді? Есімді және суреттегі ырғақты шапалақпен соғып, түсінгеніңді айт. Жасаған жұмысыңды дәптерге жаз.

- * 2-тапсырма.** Таныстырылым және бағалау.
Өз есіміңнің ырғағын шапалақ соғып көрсет.

Ырғақ – ұзақ және қысқа дыбыстардың реттілігі.

3-тапсырма. Ән орындау.

- ?! •** Алдыңғы сабақта үйренген А. Меңжанованың «Болайықшы осындай» әнін сыныптастарыңмен бірге мәнерлеп әдемі орында.
- Екінші шумағын орындағанда ырғақтық суретпен сәйкестендір. Шулы аспаппен соғып көрсет.

4-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.


- * Сабақта орындаған тапсырмаларыңды мұғалімге көрсет. Қойған сұрақтарға жауап бер, түсінгеніңді жеткізуге тырыс.**




МЕН ЖӘНЕ МЕНІҢ ОТБАСЫМ

1-тапсырма. Орындау.

- ?! • Өз есіміңді және достарыңның есімдерін ырғақпен соғып көрсет.
- *До, ми, соль* ноталарын нота сызығына орналастыр. Қол белгісімен көрсетіп, орындап бер:



- Мына суреттегі ырғақты сыныппен бірге әндетіп айт және дәптерге жаз:



2-тапсырма. Зерттеу.

- ?! • Мұғалім дайындаған түрлі ырғақтық суреттердегі *до, ми, соль* ноталарын сыныпта тобыңмен талдап, зертте. Пікір алмасып, өз түсінгеніңді айт.

3-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

- * Таңдаған ырғақтарыңды *до, ми, соль* ноталарына салып, өз әуеніңді орында.

4-тапсырма. Тыңдау және ән орындау.

 **Жарасты жанұя**

Өлеңін жазған: А. Асылбек.

Әнін жазған: Ә. Бүшікова.



1. Біздің де жанұя сәнімен,
Баршаға ұнайды әнімен.
Айналып кетеді думанға,
Аспаптар қосылып мәнімен.

Қайырмасы:

Осындай біздің де жанұя,
Бәріміз біргеміз.
Көңілдер – шалқыған дария.
Тойлаймыз күнде біз.

} 2 рет

2. Күйлерін құлаққа қондыра,
Бауырым тартады домбыра.

Атам мен әжем де қалыспай,
Қосыла қағады даңғыра.

Қайырмасы:

Дің-дің-дің, дің-дің-дің, дің-дің-дің,
Дің-дің-дің, дің-дің-дің.

(2-ші рет бірінші қайырмасы қайталанады)



- Өнді аяғына дейін дұрыс тыңдап ал. Өннің мазмұнына көңіл бөл, сыныптастарыңмен бірге әңгімеле.
- Өннің 1-ші және 2-шумақтарын үйрен. Өлең сөздерін анық айт. Өннің өуенін таза, әндетіп, мәнерлеп орында.



МЕНИҢ МУЗЫКАЛЫҚ ОТБАСЫМ

1-тапсырма. Орындау.



Жарасты жанұя



Өлеңін жазған: А. Асылбек.

Өнін жазған: Ө. Бүшікова.

- Өннің 1-ші және 2-шумақтарын есіңе түсір, қалған шумақтарын үйрен.
- Өнде қандай аспаптар туралы айтылған? Торкөздерден аттарын тауып, дәптеріңе жазып қой.

Д						А
---	--	--	--	--	--	---

Қ				З
---	--	--	--	---



Регистр – аспаптар үнінің, адам дауысының жоғарғы, ортанғы, төменгі биіктігі.

Талқылау:

- ?! • Өндегі домбыра, дауылпаз, қоңырау, сырнай аспаптарының дауысы қандай регистрде (биіктікте) орындалады?
 • Ер адамдардың, әйелдер мен балалардың дауысы қандай?

2-тапсырма. Тыңдалым.

- ?! Қоңырау, домбыра, дауылпаз музыкалық аспаптарының үнін тыңда.

Талқылау:

- Аспаптардың үні өзара қалай ерекшеленеді?
- Аспаптардың үнін жоғарғы, ортанғы, төменгі регистрмен сәйкестендір.

3-тапсырма. Музыка шығару.



Әуен сыйлау

(суырыпсалма ойын)

Ойынның шарты:

Мұғалім сыныпты үш топқа бөледі. Бірінші топ – әкенің, екінші топ – ананың, үшінші топ қыздың дауысымен арнайы әуен шығаруы тиіс. Ол үшін шулы аспаптарды пайдаланады.

?! Сен өз тобыңмен бірге таңдаған аспабыңды пайдаланып, әдемі әуен шығар. Талда, таныстырылымға дайындал.

4-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

*** Жасаған тапсырмаңды көрсет. Өзіңнің және басқа оқушылардың жұмыстарын бағала, салыстыр. Өз жұмысыңда нені жақсартуға, жетілдіруге болады деп ойлайсың?**



БІР ОТБАСЫ ОҚИҒАСЫ



Отбасымның музыкалық саяхаты

Музыкасын жазған: Г. Абдрашева.



Жазғы демалыста екінші сынып оқушысы Гүлнәр Астанаға қыдырып бармақ болып, отбасымен бірге жолға шықты. Саяхатты олар пойызға мініп, туған қаласы – Алматыдан бастады. Шымкент, Түркістан қалаларына соғып, Каспий теңізінің суына шомылып, отанымыздың бас қаласы Астанаға келді.

Гүлнәрдің жүріп өткен саяхаты өмірінде үлкен із қалдырды. Осы саяхаттың әсерінен өскенде ол



«Отбасымның музыкалық саяхаты» деген шығарма жазды. Бұл шығармада мынандай көріністер бар: «Қош бол, Алматы!», «Жолға шықтық!», «Шығыс базары», «Түркістанның Ыасауи кесенесі», «Каспийдің толқындары», «Сәлем саған, Астана!».

1-тапсырма. Тыңдау.

- ?! •** Музыканы тыңда. Қандай көріністер көз алдыңа елестейді?
- Музыканы қайталап тыңда. Музыкалық көріністердің ұқсастығы мен айырмашылығын тап.

Талқылау:

- Музыкалық саяхатта қандай көріністер кездеседі?
- Көріністерде кездесетін негізгі әуенді зертте. Музыканы тыңдағанда негізгі әуенін таныған кезде қолыңды көтер. Пікіріңді айт.

2-тапсырма. Музыка тыңдау және талқылау.

- ?! •** Негізгі әуенді мұғалімнің орындауында тыңда.
- Мұғалімнің көмегімен сыныптастармен бірге негізгі әуенді орында.

Топта талқылау:

- Музыка әр көріністі қалай сипаттайды?
- Шығармада қанша көрініс бар? Оларды ата. Торкөздерде берілген көрініс атауларын топпен талқылап, дәптеріңе жазып қой.

Ш				С
---	--	--	--	---

Б					Ы
---	--	--	--	--	---

А					Ы
---	--	--	--	--	---

А					А
---	--	--	--	--	---

3-тапсырма. Музыка шығару.

- ?! Шұлы аспаптарды қолдана отырып, «Отбасымның музыкалық саяхаты» пьесасының көріністерін суреттей алатын сүйемелдеу ырғағын сал.**

4-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

- * Өз жұмысыңды таныстыр және бағала. Мына сұрақтарға жауап бер:**

- Топ көріністердің бейне сипатын музыкамен көркемдей алды ма?
- Орындауда тағы нені жақсартуға болады?

Үйренгеніңді тексер:

1. «Болайықшы осындай» әнінің бірінші шумағын жұмыс дәптеріңе толықтырып жаз:

... бала еңбекшіл,
 Ер-азамат
 Қиындықты ... кіл,
 ... гүл толады.

2. Ырғақ дегеніміз не?

А. бірдей және түрлі ұзақтықтағы дыбыстардың реттілігі

В. дыбыстарды бірдей орындататын музыка


С. сызықтардың арасында орналасқан нота

Д. нота жазуға көмектесетін құрал

Е. екпіннің бір түрі

3.  – Қай нотаның қол қимылы?

 – Қай нотаның қол қимылы?

 – Қай нотаның қол қимылы?

4. Дәптерге нота сызықтарын сызып, *до, ми, соль* ноталарын дұрыс орналастыр.

5. Регистр қандай болады?

А. әртүрлі

В. жоғарғы, ортанғы, төменгі

С. жеңіл болады

Д. нота жазуға көмектеседі

Е. екпіннің бір түрі

6. Қазақтың музыкалық халық аспаптарын тап.

А. баян, қобыз

В. скрипка, қобыз

С. домбыра, дауылпаз


Д. ән, қалам

Е. асатаяқ, ксилофон

7. Тапсырмаларды дәптеріңе орында.


1-деңгей:

Нота сызықтарына *до, ми, соль* ноталарын орналастыр.



2-деңгей:

Нота сызықтарына *до, ми, соль* ноталарын төрттік және сегіздік түрінде орналастыр.



3-деңгей:

Нота сызықтарына *до, ми, соль* ноталарын төрттік және сегіздік түрінде орналастыр және қол қимылдарымен көрсет.



3-бөлім. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ



Бөлімнен:

- музыканы тыңдай отырып, шығарма сипатын анықтауды;
- ноталарды, аспаптарды пайдалана отырып, музыкалық композиция құрастыруды;
- «Менің мұғалімім» атты музыкалық портрет құрастыруды;
- аспаптың дыбыс бояуларын және динамикалық белгілерін анықтауды;
- сәйкес терминдерді пайдалана отырып, музыканы талдауды және талқылауды;
- өз жұмысыңа түсінік беруді және оның іске асуы үшін ұсыныстар енгізуді

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- *до, ми, соль* ноталары;
- сегіздік, төрттік нота;
- музыкалық аспаптар: ксилофон, қоңырау, даңғыра, үшбұрыш, барабан;
- темп (екпін): жылдам, өте тез, асықпай, жай, қоңыржай;
- ырғақ, соққы;
- тембр (бояу).

Терминдер мен ұғымдар:

- *до, ми, соль* ноталары – ноты *до, ми, соль* – notes *do, mi, sol*;
- темп (екпін) – темп – tempo;
- тембр (бояу) – тембр – timbre;
- композиция – композиция – composition.



СЫҢҒЫРЛАҒАН ҚОҢЫРАУ


1-тапсырма. Тыңдау және талдау.



Қоңырау дыбыстары



Мектеп қоңырауы



Қоңырау – қазақтың музыкалық аспабы



В.А. Моцарттың «Волшебная флейта» («Сиқырлы флейта») операсындағы қоңырау

?! • Қоңырау дыбыстарының жазбаларын тыңда. Айырмашылығы мен ұқсастығын тап.

Мына сұрақтарға жауап бер:

- Қоңырау қандай дыбыс шығарады?
- Үш қоңыраудың дыбыстары бірдей ме, әлде ерекшеліктері бар ма?
- В.А. Моцарттың «Волшебная флейта» операсында қоңырау дыбысы қандай сипат береді? Өз түсінігіңді айт.

2-тапсырма. Орындау.



Жас дәуірдің түлегіміз

Өлеңін жазған: Е. Өтетілеуов.

Әнін жазған: И. Нұсіпбаев.

- | | |
|---|---|
| <p>1. Бау-бақша белдер,
Орман, тау, көлдер –
Көрікті шексіз даламыз.
Дәулеті тасқан,
Сәулеті асқан
Көңілді ауыл, қаламыз.</p> | <p>2. Өзіміз туған,
Көбелек қуған
Өлкеде өсіп, толамыз.
Жалықпай оқып,
Көңілге тоқып,
Білімді адам боламыз.</p> |
|---|---|

Қайырмасы:

Жадырап күндей,
Жайнаған гүлдей
Бақытты біздер баламыз!

} 2 рет

- ?! • Өнде не туралы айтылады? Сыныптастарыңмен бірге талқыла.
- Өнді талапқа сай үйреніп, орында.
 - Өннің көңіл күйі қандай?
 - Ұрмалы және шулы аспаптарды пайдалана отырып, өнді сүйемелде.

3-тапсырма. Музыка шығару және орындау.

- ?! Төрттік және сегіздік нота ұзақтықтарын пайдалана отырып, шағын әуен шығарып орында. Әуенді *до, ми, соль* ноталарымен жаз. Қоңырау аспабымен сүйемелдеп орында.



МЕКТЕПТЕГІ БІР КҮНІМ

1-тапсырма. Талдау.

- ?! • Сенің мектептегі бір күнің қалай өтеді? Сен не істейсің?
- Мектептегі күн тәртібің қандай?
 - Мектепте қандай қызықты сәттер кездеседі?
 - Мектептегі күнің қандай екпінде өтеді?
- Сұрақтарға жауап бер, сыныптастарыңмен талқыла.

Екпін – музыкада шығарманы орындау кезіндегі жылдамдықтың белгісі.

2-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ✿ • Мұғалім ұсынған музыкалық үзінділерді тыңда. Мысалы, С. Еркімбековтің «Воспоминание» («Еске алу») музыкасы, Құрманғазының «Балбырауын» күйі, В.А. Моцарттың «Рондо» музыкасы.
- Әр шығарманың екпіні қандай?
- Шығарманың мазмұнына, көңіл күйіне екпін қалай әсер етеді?



- Шығармаларды қайта тыңдай отырып, берілген суреттермен сәйкестендір. Өз тобыңмен талда, ұсынысыңды айт.

3-тапсырма. Орындау.

 **Кел, балалар, ойнайық**

Өлеңін жазған: Қ. Ыдырысов.

Әнін жазған: Ә. Еспаев.



1. Кел, балалар, ойнайық,
Ойнайық та, ойлайық.
Қандай жұмбақ болса да,
Шешпей оны қоймайық.

Қайырмасы:

Ал, тыңдаңдар, тыңдаңдар,
Асығыстық қылмаңдар.
Асықпайық дегенге,
Бөгеліп көп тұрмаңдар.

} 2 рет

2. Бөрің жақсы тыңдаңдар,
Бөгеліп көп тұрмаңдар.

Жұмбақта бар аспан көк,
Үшақпенен зырландар.

Қайырмасы:

Жұмбақта бар өзен, көл,
Пароходпен жүзіңдер.
Айдын суға шомылып,
Ақ шабағын тізіңдер.

} 2 рет

- ?! • Өнде не туралы айтылады? Түсінігіңді айтып бер.
• Өн қандай екпінде орындалады?
• Ұрмалы және шулы аспаптарды қолдан. Өнге сүйемелдеу жаса.

4-тапсырма. Музыка шығару және таныстырылым.



«Мектептегі бір күнім»

(ойын)

Ойынның шарты:

Тобыңның атына сәйкес музыкалық композиция шығар. *До, ми, соль* ноталарын, ұрмалы және шулы аспаптарды, өз дауысыңды қолдан. Сабақта тыңдалған үзінділерді топпен қайталап тыңда, мұғалім берген суреттермен сәйкестендір. Ұсынысыңды айт, композиция құрылымын топпен талқыла.

Композиция – бір ой негізінде біріктірілетін шығармашылық жұмыстар.



Мына сұрақтарға жауап бер:

- Композицияда қандай екпін қолданылды?
- Композицияда қандай динамика (дауыс күші) кездеседі?
- Қай бөлім сәтті орындалды?
- Сәтсіз бөлімдері қайсы?
- Композиция қандай көңіл күймен орындалды?



МЕНИҢ ҰСТАЗЫМ

1-тапсырма. Орындау.



Мұғалім ол біздің

Өлеңін жазған: М. Әлімбаев.

Әнін жазған: И. Нұсіпбаев.



1. Білімнің кілтіндей
«Әліппе» ұстатқан.
Оқуға іркілмей,
Тоқуға ұстартқан.
Қамқоры ұл-қыздың
Мұғалім ол біздің.

2. Қиынға төзуге
 Үйреткен қашан да,
 Жаманнан безуге,
 Жақсылық жасауға,
 Қамқоры ұл-қыздың –
 Мұғалім ол біздің.

- ?! • Өн қандай сезімді оятады?
 • Композитор қандай көркемдеуіш құралдарды қолданған?
 • Өнді талап бойынша тыңда, үйрен. Мәнерлеп орында.

2-тапсырма. Сыныпта талдау.



- ?! • Суреттерде адамның қандай көңіл күйі бейнеленген?
 Атап шық, өз ойыңды айт.
 • Саған мұндай көңіл күй түрлері таныс па?

3-тапсырма. Тыңдау және талдау.



«Қандай көңіл күй?»

(ойын)

Ойынның шарты:

Л. Хамидидің «Бұлбұл» әні, Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйі, Н. Тілендиевтің «Аққу» күйі, М. Глинканың «Черномор маршы» үзінділерін тыңда. Әр үзіндіде қандай аспаптар ойнайтынын анықта. Олардың тембрін әңгімелеп бер. Әр үзіндіге қандай көңіл күй түрі сәйкес келетінін үлестірме парақшаларда бейнеленген суреттер арқылы көрсет.

Тембр – дыбыс бояуы.

4-тапсырма. Суырыпсалма.



«Мұғалім ол біздің» әнін өз тобыңмен әртүрлі көңіл күйде орында. Салыстыр, ұнаған түрін тобыңмен бірге сыныптастарыңның алдында орындап бер.



КӨҢІЛДІ ҮЗІЛІС

1-тапсырма. Суырыпсалма.



«Санамақ жарысы»

(музыкалық ойын)

Ойынның шарты:

Мұғалім сабақта оқушылардан санамақ туралы сұрайды. Түсінік беру үшін бейнежазба көрсетеді.

Балалар үш топқа бөлінеді. Талап бойынша олар санамақты әнімен орындауы тиіс. Қай топ неғұрлым көп санамақ дайындаса, сол топ жеңеді.

2-тапсырма. Орындау.

Он дегенім – Отаным
(кері санамақ)

Өлеңін жазған: Ө. Ақыпбекұлы.

Әнін жазған: Ө. Бүшікова.



Он дегенім – Отаным,
Тоғыз – туған топырағым,
Сегіз – сеңгір тауларым,
Жеті – жасыл бауларым,
Алты – алтын Күн төккен нұр,

Бес – бұлағым мөп-мөлдiр,
 Төрт – туған ел дәулеттi,
 Үш – үйлерiм сәулеттi,
 Екi – ата-анам – өбектер,
 Бiр – бақытты бөбектер.
 Аман болса осылар,
 Жасыма жас қосылар.
 Қадiрiмдi дос ұғар,
 Кезiм болмас тосылар. } 2 рет

- ?! •** Санамақтың мазмұнына көңiл бөл. Сыныппен бiрге әң-
 гiмеле, өз ойыңды айт.
- Әндi талап бойынша үйрен, орында.
 - Әндi сыныппен бiрге әдемі әрi мәнepлеп орындап бер.

3-тапсырма. Музыка шығару.



«Мектеп туралы санамақ»

(суырыпсалма ойын)

Ойынның шарты:

Өз тобыңмен бiрге мектеп туралы санамақ шығар.
 Дайын санамақты орындап бер.

Талаптары: Дыбыс ұзақтықтарын және *до, ми,*
соль ноталарын қолдану. Санамақ әуенiн шығару.

Мысалы:

Бiр дегенiм – балалар,
 Екi дегенiм – егiздер,
 Үш дегенiм – үлкендер және т.б.

Сыныпта талдау:

Талаптары: Санамақта кездесетiн дыбыс ұзақтықтарын
 талдау.

- Қанша төрттік нота, қанша сегіздік нота бар?
- Санамақта кездесетін ырғақ суретін өзгертуге бола ма?

Үйренгеніңді тексер:

1. «Жас дәуірдің түлегіміз» өнінің бірінші шумағын және қайырмасын дәптеріңе толықтырып жаз:

Бау-бақша ...,
 Орман, ..., көлдер –
 ... шексіз даламыз.
 ... тасқан,
 Сәулеті ...
 Көңілді ауыл,

Қайырмасы: ... күндей,
 Жайнаған ...,
 Бақытты ... баламыз!

2. Екпін дегеніміз не?

А. бірдей және түрлі ұзақтықтағы дыбыстардың реттілігі

В. шығарманы орындау кезіндегі жылдамдықтың белгісі

С. білім сапасын көтеретін ілім

Д. нота жазудың бір түрі

Е. музыкалық аспаптың аты

3. Тембр дегеніміз не?

А. өннің бір түрі

В. дыбыстардың жазылуын реттейтін белгі

- С. музыка ырғағын көрсететін белгі
- Д. аспапта орындауға көмектесетін белгі
- Е. дыбыстың сапасын (бояуын) көрсететін белгі

4. «Мұғалім ол біздің» әнінің екінші шумағын және қайырмасын дәптеріңе толықтырып жаз.

Қиынға ...,
... қашан да,
... безуге,
Жақсылық ...,
Қамқоры ұл-қыздың –
... ол біздің.

5. Л. Хамидидің «Бұлбұл» әнін кім орындады?

- А. Бибігүл Төлегенова
- В. Мақпал Жүнісова
- С. Роза Бағланова
- Д. Меруерт Өтекешева
- Е. білмеймін

6. Мектеп туралы санамақ құрастыр.

1-деңгей:

Санамақтың 2 жолын әуенсіз тақпақтап айтып бер.

2-деңгей:

До, ми, соль ноталарымен 2 жолын айтып бер.

3-деңгей:

До, ми, соль ноталарымен және төрттік, сегіздік нота ұзақтықтарымен 2–4 жолын айтып бер.

4-бөлім. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ



Бөлімнен:

- туған өлкеміздегі қыс айларының әсем көрінісін, қарлы тауларын және өз өлкеңнің айқын, ашық келбетін зерттеуді;
- түрлі музыкалық аспаптардың көмегімен желдің уілін, қардың сықырын, боранның дауысын салып, асқақ тауларды сипаттап, табиғат музыкасын шығаруды (жазуды);
- музыкалық, шулы аспаптарды қолдана отырып, «Менің Отаным» тақырыбына музыкалық композиция құрастыруды және орындауды;
- қыс, туған өлке туралы өн үйреніп, Құрманғазының музыкасын тыңдауды;
- сәйкес терминдерді пайдалана отырып, музыканы талдауды және талқылауды;
- өз жұмысыңа түсінік беруді және оның іске асуы үшін ұсыныстар айтып енгізуді

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- крещендо;
- диминуэндо;
- музыкалық аспаптар: шаңқобыз;
- пауза (кідіріс).

Терминдер мен ұғымдар:

- крещендо – крещендо – *crescendo*;
- диминуэндо – диминуэндо – *diminuendo*;
- пауза (кідіріс) – пауза – *pause*.



ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ ТАБИҒАТЫ. ҚЫС

1-тапсырма. Зерттеу.



- Суреттердегі көріністерді зертте. Туған өлкеңнің қыс кезіндегі табиғатын көз алдыңа елестет.

Талқылау:

- Туған жеріңде қыс қандай болады? Әңгімелеп бер.
- Суретшілер қыстағы аязды бейнелеу үшін қандай бояулар қолданады?
- Мына суреттердің өзара ерекшелігі мен ұқсас жерлерін айтып бер.
- Қысқы табиғатты қандай сөздермен суреттер едің?

?! Түсінік бергенде мына тірек сөздерді пайдалан: аяз, аязды, құн, боран, жел, қар жауды, қар сықырлайды, мұз, қырау, дала суық және т.б.

2-тапсырма. Орындау.



Қыстың күні көңілді

Өлеңін жазған: Қ. Ыдырысов.

Әнін жазған: К. Қуатбаев.

1. Қараңдаршы далаға,
Дала аппақ ақша қар.
Тал мен үйлер қалада
Жамылыпты ақ шатыр. } 2 рет

2. Біздер жылдам киініп,
Атып шықтық аулаға.
Ақ қар қапты үйіліп,
Ақ мамықтан аумаған. } 2 рет

3. Аппақ қала, ақ қала,
Аспан аппақ, жылтыр мұз.
Бір аулада топ бала,
Тамашалап жатырмыз. } 2 рет

- ?! •** Әннің мазмұнын, көңіл күйін сыныптастарыңмен талқыла.
- Ән қыс мезгілін қалай суреттейді? Түсіндіріп бер.
 - Әнді талап бойынша үйрен. Әндетіп, мәнерлеп орында.

3-тапсырма. Зерттеу.



Ұсынылған музыкалық аспаптарға қарап, сұраққа жауап бер:

- Қандай музыкалық аспап қыстың дыбыстарын бейнелей алады?

4-тапсырма. Тыңдау.



барабан




үшбұрыш



даңғыра



ксилофон



қоңырау

- ?! •** Суретте берілген аспаптардың үнін тыңда. Үйренген өніңнің мазмұнына сәйкес келетін аспапты таңда. Түсінігіңді айт.

5-тапсырма. Суырыпсалма.

- ?! •** «Қыстың күні көңілді» әнін өз тобыңмен көңілді, мәнерлеп орында. Әндегі қимыл-қозғалыстарды және қардың, желдің, аңдардың, боранның дауыстарын сал, шулы аспаптарды пайдалан.

Мына сұрақтарға жауап бер:

- Өз тобыңмен дайындаған суырыпсалма немесе екінші топтың жасаған жұмысы сәтті шықты ма?
- Өнді дұрыс орындау үшін не істеу керек еді?
- Қыс мезгілін тобыңмен көрсете алдың ба?



ҚАРЛЫ ТАУ ӘУЕНІ

1-тапсырма. Тыңдау.




Алатау

Құрманғазының күйі



- ?! • Күйді тыңдағанда көз алдыңа қандай сурет елестеді?
• Күйдің музыкасын қандай сөздермен сипаттауға болады?

- Күйдің екпіні, ырғағы және әуені қандай?
- ✿ • Өз ойыңды айтқанда мына тірек сөздерді пайдалан: *қатты, суық, айбынды (асқақ), мұз, қар, таудың шыңы, көркем жер, жай, тау жаңғырығы* және т.б.
- Шаңқобыздың үнін тыңда.
- Үні қандай?
- Шаңқобыз аспабымен таудың дыбысын салуға бола ма?



Шаңқобыз – қазақтың ежелден келе жатқан музыкалық аспабы.

Аспап тартушы аспап тілін қозғалту арқылы түрлі дыбыстар шығара алады.

2-тапсырма. Музыка шығару және орындау.



«Тау сиқыры»

Ойынның шарты:

1-нұсқа. Мұғалім оқушыларды екі топқа бөледі. Қолдарына бірнеше ырғақтық сурет береді. Шулы аспаптарды пайдалана отырып, әр топ ырғақтық суретті құрайды. Аспаптармен ырғақтық суреттерді орындайды.

2-нұсқа. «Жаңғырық» түрінде орындау. Бір топ ырғақтарды орындайды, ал екінші топ қайталайды. Топтар алмасады.

3-нұсқа. Әртүрлі тұрмыстық заттарды пайдаланып, өз аспабыңды жаса. Онымен таудың әуенін сал.

3-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

- ✿ • Орындаған тапсырмаға түсінік бер. Қайсы жұмыс нәтижелі болды?
- Қай жұмыстың нәтижесі төмен? Жұмысты жақсарту үшін не істеу керек?



МЕНИҢ ОТАНЫМ – ҚАЗАҚСТАН

1-тапсырма. Орындау.



Туған жер

Өлеңін жазған: С. Тұрғынбек.

Әнін жазған: Ш. Қорғанбекова.



1. Қандай ғажап Қазақстан картасы,
Өзен, көлі, орман, тауы, әр тасы.
Құз-шыңына қанат қағып өскенім,
Туған жердің арқасы.

Қайырмасы:

Биікке қолды созайық,
Ілгері басып озайық.
Мақтаныш болған өлемге,
Қазақтың жері ғажайып.

2. Қандай ғажап Қазақстан таулары,
Алтын дәнмен жайқалып тұр аймағы.
Самал желмен желбіреді көгімде,
Қазақстан байрағы.

Қайырмасы:

Биікке қолды созайық,
Ілгері басып озайық.
Мақтаныш болған өлемге,
Қазақтың жері ғажайып.

3. Менің елім, менің жерім бұл деген,
Кең даласы маңдай термен гүлдеген.
Шашу шаштық Қазақстан еліме,
Өлеңменен, жырменен.

Қайырмасы.

- ?! •** Өннің мазмұнына көңіл бөл. Қазақстан жерінің сұлулығын, байлығын және халықтың ауызбірлігін сыныптастарыңмен өңгімеле.
- Өнді талап бойынша орында. Сөзін анық, әуенін таза айтуға үйрен.

2-тапсырма. Музыка тыңдау.



Сарыарқа

Құрманғазының күйі

?! Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тыңда және берілген сұрақтарға жауап бер:

- Күй қандай көңіл күйде, қандай екпінде орындалды?
- Орындалу барысында күйдің динамикасы (дыбыс күші) өзгерді ме?
- Құрманғазының тағы басқа қандай күйлерін білесің?



Құрманғазы Сағырбайұлы – қазақтың ұлы күйші-композиторы. Қазақтың аспаптық музыка өнерінің негізін қалаушы.



3-тапсырма. Музыка шығару.



«Туған өлкемнің сұлу табиғаты»

(суырыпсалма ойын)

Ойынның шарты:

Дәптеріңе жазған туған жерді дәріптейтін сөздерден төрт жол өлең шығар. Динамикалық белгілерді және ұрмалы, шулы аспаптарды пайдалана отырып, сөздерді кез келген әуенге сал. Талқыла.

Крещендо – дыбысты бірте-бірте күшейту.

Диминуэндо – дыбысты бірте-бірте азайту.

4-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.



- Өз жұмысыңды сыныптастарыңа, мұғалімге таныстыр, бағала.

Мына сұрақтарға жауап бер:

- Орындалған тапсырмада не сәтті шықты? Ал не дұрыс шыққан жоқ?
- Орындауды жақсарту үшін нені өзгерту керек?

Үйренгеніңді тексер:

1. «Қыстың күні көңілді» әнінің үшінші шумағын дәптеріңе толықтырып жаз:

Аппақ ..., ақ қала,
 Аспан аппақ, ... мұз.
 Бір ... топ бала,
 Тамашалап жатырмыз.

2. Шаңқобыз дегеніміз не?

- A. нота жазудың бір түрі
- B. қазақтың музыкалық аспабы
- C. білім сапасын көтеретін ілім
- D. бірдей және түрлі ұзақтықтағы дыбыстардың реттілігі
- E. музыкалық ойындардың аты

3. «Алатау» дегеніміз не?

- A. Брусиловскийдің күйі
- B. Құрманғазының күйі
- C. Сүгірдің күйі
- D. Тәттімбеттің күйі
- E. музыкалық ойындардың аты

4. Құрманғазы деген кім?

- А. Қазақстанның халық әртісі
- В. қазақтың ұлы күйші-композиторы
- С. қазақ ұлттық оркестрінің бас дирижёрі
- Д. қазақтың әншісі
- Е. қазақтың бишісі

5. Крещендо дегеніміз не?

- А. дыбысты бірте-бірте күшейту
- В. дыбысты бірте-бірте азайту
- С. қазақтың ұлттық оркестрі
- Д. бірдей және түрлі ұзақтықтағы дыбыстардың реттілігі
- Е. аспаптар үнінің, адам дауысының жоғарғы, ортанғы, төменгі биіктігі

6. «Сарыарқа» кімнің күйі?

- А. Құрманғазының күйі
- В. Брусиловскийдің күйі
- С. Дәулеткерейдің күйі
- Д. Сүгірдің күйі
- Е. Тәттімбеттің күйі

7. Диминуэндо дегеніміз не?

- А. дыбысты бірте-бірте азайту
- В. өлшемін бірте-бірте көрсету
- С. дыбысты қатты орындау
- Д. бірдей және түрлі ұзақтықтағы дыбыстардың реттілігі
- Е. аспаптар үнінің, адам дауысының жоғарғы, ортанғы, төменгі биіктігі

5-бөлім. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ



Денсаулықтың кепілі –
Қозғалу, жүру, жүгіру.
Өсем десең жетіліп,
Спортпен табыс құлшынып.

(Ж. Қайранбай)

Бөлімнен:

- әуенге би қимылдарын ойлап табуды;
 - спорттық ойын түрлерін ажырату мен жанкүйер болуды;
 - спорт алаңындағы түрлі дыбыстарды ажыратуды;
 - музыкалық, ұрмалы және шулы аспаптарды пайдалана отырып, *до, ми, соль* ноталарымен қарапайым музыкалық үзінділер құрастыруды
- үйренесің.**

Музыкалық сауат:

- дыбыс;
- скрипка кілті.

Терминдер мен ұғымдар:

- әуен – мелодия – melody;
- би – танец – dance;
- алқа – ожерелье – necklace;
- би қозғалысы – танцевальное движение – dance movement;
- суырыпсалма – импровизация – improvisation.



КЕЛ, БИЛЕЙІК!



Қосалқа

Дәулеткерейдің күйі



1-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Тыңдалатын күйдің атауына көңіл бөл, суреттегі қыз бейнесі мен әшекейлеріне назар аудар.
- 2.** Тыңдаған күйіңе сипаттама бер, ойыңмен бөліс. (Мына тірек сөздерді пайдалан: *би, сұлу бейне, алқа сылдыры.*)
- 3.** Музыкалық шығарманың әуенін, темпін, ырғағын анықта.

2-тапсырма. Мәлімет жинау.

Дәулеткерей Шығайұлы – күйші-композитор. Ол Орал өңірінде дүниеге келген. Оның «Қосалқа» күйі халық арасында кең таралған.



3-тапсырма. Суырыпсалма. Орындау. Бағалау.



1. «Қосалқа» күйінің кіріспесі мен негізгі әуенін анықта. Үнтаспадағы күй әуенін бірге орында.



Қосалқа

(кіріспе әуен)



Қосалқа

(негізгі әуен)



Кіріспе – музыкалық шығарма басталар алдында орындалатын қысқаша әуен.

Негізгі әуен – музыканы (күй, ән) сипаттайтын басты әуен.

2. Келесі беттегі шартты түрде берілген үлгіге қарай отырып, «Қосалқа» күйіне би қимылын ойластыр.



Үлгі:

Күй кіріспесінен кейінгі негізгі әуенде сыныптағы қыздар суреттегідей аяқтарын кезек-кезек алмастырып басады. Олардың шынтақтары сәл бүгіліп, оң немесе сол жаққа айналма, толқын қимылдарын жасайды. Қыздар оң қолын жоғары, сол қолын сәл төмендеу кеуде тұсында ұстайды.

Айналма – қол білезік буыннан өзінен әрі қарай және өзіне қарай бүктетіле толық айналады.

Толқын – екі қолдың саусақтарын бір мезгілде жұдырыққа жинап, алақанды жазғанда толқын тәрізді қимыл шығады.

3. Күй әуеніне қыздар сырға, білезік, тарақ, айнаны бейнелеп, түрлі қимыл-қозғалыстар жасайды. Мысалы, сырғаны көрсету.



Алдымен, оң қолдың саусақтары иектің астынан бастап оң жақ құлағындағы сырғаны көрсеткендей қимыл жасайды.

4. Ұлдар күй әуенін өз дауыстарымен орындап, ұрмалы аспаптармен сүйемелдейді.

Би – музыкамен немесе ырғақпен түрлі дене қимылдарын жасап көрсететін өнер түрі.

4-тапсырма. Музыка орындау.



Кел, билейік!

Өлеңін жазған: М. Әлімбаев.

Әнін жазған: Б. Байқадамов.


1. Кел, билейік, кел, билейік,
Неге тұрсың билемей?
Кел, билейік, іркілмейік,
Неге отырсың үйренбей?

Қайырмасы:


Жалығуды білмейміз,
Жабығуды білмейміз,
Жауқазындай көз тартып,
Жайраң қағып билейміз.

- ?! 1.** Әннің ырғағына би қимылдарын жаса.
2. Әннің ырғағын шапалақ соғып көрсет.
3. Әннің (төмен, орташа, жоғары) әуен қозғалысын қолыңмен көрсет.

Сен *до, ми, соль* ноталарының нота сызықтарына қалай орналасатынын, жазылуын және қандай биіктікте дыбысталатынын білесің. Оларды сол биіктікте айтып, жазылуын белгілейтін таңба бар. Ол *соль* кілті немесе *скрипка* кілті деп аталады.



Скрипка кілтінің жазылу түрі:



Бүгінгі сабақта сен *ре* және *фа* ноталарымен таныстың.

Ре нотасы бірінші сызықтың астына жазылады.



Фа нотасы бірінші сызық пен екінші сызықтың ортасына жазылады.





ҚЫСҚЫ СПОРТ ТҮРЛЕРІ

1-тапсырма. Мәлімет жинау.

1. Табанға қанжар байладым,
Бетінде айна ойнадым.
(...)
2. Көлдің беті көк әйнек,
Сырғанауға ыңғайлы-ақ!
(...)
3. Мінсем,
Төмен зу етем.
Өрлесем,
Оны сүйретем.
(...)
4. Қайқы тұмсық қос табан,
Қос таяқ оны қостаған.
Ұмтылсаң, алға заулайды,
Шойын жолдан аумайды.
(...)

- ?! 1.** Берілген жұмбақтардың спорт түрлеріне қатысы бар ма?
2. Өзің білетін спорт түрлерімен қатар (шаңғы, хоккей және т.б.) қысқы спорт ойындарының қандай жаңа түрлерін білесің?

2-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Спортқа байланысты түрлі дыбыстарды (шаңғы, коньки, шана және т.б.) ұнтаспадан тыңда.
2. Естіген дыбыстарды қысқы спорт түрлерімен сәйкестендір.

3-тапсырма. Музыка шығару және суырыпсалма.



?! 1. Хоккей алаңы бейнеленген суретке қарап, өз композицияларыңды ұсын (мысалы: төрешінің ысқырығы, шайбаны тастауы, хоккейшілердің қимыл-қозғалыстары және т.б.).

2. Композицияны қимыл-қозғалыспен, дауысыңмен, шулы аспаптар арқылы көрсет (ысқырық, тұяқтас, мүйіз және т.б.).

3. Қысқы спорт алаңындағы ойындарды өз композицияларың бойынша құра.

4. Қалай ойлайсың, композицияларың сәтті шықты ма?

4-тапсырма. Орындау.



Спорт – біздің досымыз

Өлеңін жазған: Н. Әлімқұлов.

Әнін жазған: М. Сағатов.

Жүйрік болса кім,
Күлімдейді күн.
Жарыстарда жүгір алға, үш!
Көне, сапқа тұр.
Допты дәлдеп ұр,

Оң жақтан да, сол жақтан,
Бізде бар мол күш!

Қайырмасы:

Спорт – біздің досымыз,
Күш-қайрат сыналған.
Спорт – біздің досымыз,
Бала кезден шыңдалған.

- ?! 1.** «Спорт – біздің досымыз» әнін үйрен, өлең жолдарына назар аудар.
2. Өлеңнің үш жолын төмендегі үлгідегі музыкалық ыр-ғақта сүйемелде.

Үлгі:



Жүй-



рік



бол-



са



кім



3. Қалған өлең жолдарына өзіңе ұнаған ұрмалы аспаптарды қолдан.



ПИНГ-ПОНГ

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Үнтаспадан тыңдаған дыбысың қай спорт түріне жақын: хоккей, футбол, үстел теннисі, шаңғы?
2. Естіген дыбысыңды сипатта: қатты, жай, орташа.
3. Ракеткамен соғылған доптың дыбысын сал. Қолда бар құралдарыңды пайдалан (сызғыш, қалам).
4. Саған үстел үстіндегі теннис ойыны «Пинг-понг» ұнай ма?

«Пинг» – ракеткамен допты соққан кезде шығатын дыбыс, «понг» – доп ойын үстеліне тигенде шығатын дыбыс.

2-тапсырма. Орындау.

- ?! 1.** М. Сағатовтың «Спорт – біздің досымыз» әнін қайталап, талапқа сай мәнерлеп орында.
2. Спорт туралы қандай тақпақтар білесің?

3-тапсырма. Суырыпсалма.



«Пинг-понг» ойыны

- ?! «Спорт – біздің досымыз» әнін «Пинг-понг» ойынының ережесіне сәйкес орында.**

Ойынның шарты:

Екі топқа бөлініңдер.

1-топтағылар ән жолдарын орындайды.

2-топтағылар өлең жолдарының үзілістерінде түрлі ырғақтық соғылымдар жасайды.

1-топтағылар әнді орындау барысында әннің темпін (екпінін) сақтауы керек.



АС – АДАМНЫҢ АРҚАУЫ

1-тапсырма. Орындау.



Дастарқан

Әнін жазған: К. Дүйсекеев.

Өлеңін жазған: А. Нысаналин.

- Ей, халайық, халайық,
Бар өнерге салайық.
Ас ұсынып, бас тартқан,
Жайылып тұр дастарқан.



Қайырмасы:

Дастарқан-ау, дастарқан,
Берекелі дастарқан. } 2 рет
Мерекелі дастарқан, ей!

2. Айналайын ағайын,
Үміт отын жағайын.
Уайым-қайғы жоқ болсын,
Қуанышың көп болсын.

Қайырмасы.

- ?! 1.** «Дастарқан» әніндегі сөздердің мағынасына зейін қойып оқы, әуенін жадында сақта.
- 2.** Әннің шумағы мен қайырмасындағы дыбыс биіктіктерін салыстыр.
- 3.** Әнді мәнерлеп орында.

Халқымыз қонақ келсе, дастарқаннан дәм татқызбай жібермеген. Қонағына ең дәмді, денсаулығына өте пайдалы тағам мен сусындарын ұсынған. Денсаулықтың негізі дұрыс тамақтану екенін есіңнен шығарма. Мысалы: Қымыз – ауруға ем, сауға – қуат. Шұбат – әрі сусын, әрі тағам.

2-тапсырма. Суырыпсалма.



Тағамдар

(әуенді-ырғақтық ойын)

Ойынның шарты:

Ұннан және сүттен жасалған тағамдар атауын «Дастарқан» әні шумағының ырғағы мен әуеніне қарай төмендегідей өлең жолдарын пайдалана отырып, ұйқастыра орында:

Дастарқанның үстінде:



Дәмі аузыңнан кетпейді

Отқа піскен:





СТАДИОН ҮНІ



1-тапсырма. Тыңдау.

- ?! 1.** Үнтаспадағы дауыстар мен дыбыстар қандай стадион алаңына сәйкес келеді?
2. Стадиондағы жанкүйерлердің шулы дауыстарынан басқа қандай музыкалық аспапты естіп тұрсың (дудка, сыбызғы, сазсырнай)?

2-тапсырма. Суырыпсалма және орындау.

Қазір жанкүйерлер стадионда дудка (үрлеп ойналатын) аспабын қолданады.

- ?! 1.** Өзіңді футбол немесе хоккей ойынын көруге келген жанкүйермін деп елестет.
2. Сүйікті командаң «гол» салғандағы қуанышыңды дауыс, қозғалыс, ұрмалы және шулы аспаптардың көмегімен орында.

3-тапсырма. Тыңдау және талдау.



Чемпиондар әні

Өлеңін жазғандар: Е. Елгезеков, А. Мүкей.

Әнін жазған: Е. Елгезеков.

1. Байрағы еңселі елімнің,
Кең-байтақ айбынды жерімнің
Тұлпары біз болдық бәйгеде,
Ақтап шыққан ел сенімін.
Тізгіндеп алтын мен күмісін,
Сыйлаған еліне жеңісін.
Әлемде топ жарып жарысқан,
Қазақстан, Қазақстан.

Қайырмасы:

Желбіреп байрағы әлемде,
Әнұран айтылды әр елде.
Ұл-қызы әлемге өз елін танытқан,
танытқан, Қазақстан.

} 2 рет

1. Вот последний рывок... и победа,
Слышны крики с трибун: «Қазахстан!»
Посмотри, оправдали надежду всех,
Кто нам верил и веру вселял.

Закаляется воля в сражениях,
Олимпийцы храбры, как в бою.
Будут слёзы от счастья победы.
Верим в себя, верим в страну.

Припев:

Развевается флаг на ветру,
 Пробуждает он гордость мою.
 Будет золото нашим, мы верим в ребят,
 Победят, они победят.

} 2 раза

- ?! 1.** Бейнежазда қандай спорт түрлері көрсетілген?
2. Түрлі ұлт өкілдерінен өзіңе таныс чемпиондар есімін ата.
3. Өн мәтінінің мазмұнына көңіл бөл. Пікіріңді ортаға сал.
4. Өн қайырмасын қазақ және орыс тілдерінде сыныптас-
 тарыңмен бірге орында.

Үйренгеніңді тексер:

1. Тапсырмаларды орында.

1-деңгей:

«Жүйрік болса кім, Күлімдейді күн» деген өлең жолдары бар шығарманың атауын тап.

- A. «Кел, билейік!»
 B. «Спорт – біздің досымыз»
 C. «Чемпиондар әні»
 D. «Дастарқан»
 E. «Қосалқа»

2-деңгей:

1. Берілген ноталар нота сызықтарында дұрыс орналасқан ба?

- 1) **До** нотасы:



2) **Ми** нотасы:



3) **Соль** нотасы:



4) **Ре** нотасы:



2. Мына ырғақта берілген өнді тап.



- A. «Кел, билейік!»
- B. «Спорт – біздің досымыз»
- C. «Чемпиондар өні»
- D. «Қосалқа» күйі
- E. «Дастарқан»

3-деңгей:


«Дұрыс тамақтану» тақырыбына *до*, *ми*, *соль* ноталарын және тірек сөздерді пайдалана отырып, шағын музыкалық әуен құрастыр:

«тазалық», «тамақтану».

Та - за - лық - ты сақ - тай - мыз,
Күн тәр - ті - бін бұз - бай - мыз.

6-бөлім. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР



 Қазақ халқы ертеден келе жатқан салт-дәстүрін, өнері мен аса бай фольклорын сақтап, ұрпаққа жеткізіп келеді. Берілген суретке қарап, сыныптастарыңмен қысқаша әңгіме құрастыр.

Бөлімнен:

- күй тартыс дәстүріндегі ырғақтық сайыс түрінде суырыпсалма жасауды;
- үйренген ән мен билеріңді, қойылымдарыңды концертте көрсетуді;
- сыбызғы және шертер аспаптарының үнін басқа аспаптардың үнінен ажыратуды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- дәстүрлі музыка өнері;
- күй тартыс;
- шертер;
- сыбызғы;
- тембр.

Терминдер мен ұғымдар:

- дәстүр – традиция – tradition;
- концерт – концерт – concert;
- аңыз – легенда – legend.



ХАЛЫҚ ӘУЕНІ ЖӘНЕ ЫРҒАҚТАРЫ

1-тапсырма. Музыка тыңдау және талдау.



Бесік жыры

(халық әні)

Әлди-әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікке жат, бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жылама, әлди, жылама.

- ?! 1.** «Бесік жыры» қандай дәстүрге байланысты айтылады?
2. «Бесік жыры» әнінің өлең жолдарына, орындалатын көңіл күйіне сипаттама бер.

2-тапсырма. Орындау.

- ?! 1.** «Бесік жырын» ән айту ережесінің талаптарына сәйкес орында. Бесікті тербей отырып, әнді орындасаң, қандай темпмен (екпінмен) орындар едің?
2. Бесіктегі бала ұйықтағанша және ұйықтағаннан кейін әнді қандай динамикалық белгімен айтар едің (пиано, форте)?

3-тапсырма. Музыка шығару және суырыпсалма.

- ?! 1.** Сыныптастарыңмен бірге әнді орындап, ән ырғағының 1-ші, 3-ші жолдарын асатаяқпен, 2-ші, 4-ші жолдарын тұяқтас аспабымен кезектесе орындаңдар.



асатаяқ



тұяқтас


2. Сыныптастарыңмен бірге өздеріңе ұнаған «Бесік жырын» айтыңдар.

3. Тыңдаған «Бесік жырын» бағалап, талқылап, ең үздігін бейнежазбаға түсіріңдер.

«Дәстүр» ұғымы саған бірінші сыныптан таныс. **Салт-дәстүр** – халқымыздың ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіндегі әртүрлі ғұрыптар, ырымдар. **Фольклор** – халықтың ауызекі шығармашылығы (ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, мақал-мәтел және т.б.).

Халқымыздың музыкалық өнері де салт-дәстүрмен, ауызекі шығармашылығымен тығыз байланысты.



 Ертеректе театр, кино, теледидар, компьютер, ғаламтор болмаған. Сондықтан балаларға қызықты болу үшін күйшілер ағаштан жануарлардың мүсі-

нін жасаған. Оны саусаққа байлап, домбыраның қағысына қарай қимылға келтірген. Бір қарағанда, орындалып жатқан күйге теке мүсіндері билеп жүргендей көрінеді. Асқан шебер орындаушылар бірнеше ортекеге дейін билете алады. Ортекені қозғалту мен билету, оны сахнада көрсету алғашқы қуыршақ театрының бастауы деуге болады және ол – дәстүрлі өнер түрі. Белгілі күйші-композитор Тәттімбет аталарың ортекеге арнайы күй шығарып, оны «Секіртпе» деп атаған.

Тәттімбет Қазанғалұлы – Арқа өңірінің атақты күйшісі, композитор. Ол Қарағанды облысында дүниеге келген. Оның «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», «Көкейкесті» күйлері халыққа кең танымал.



Секіртпе

Тәттімбеттің күйі

1-тапсырма. Музыка тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Бейнежазбалардағы күйшілер орындаған «Ортеке» күйіне назар аудар.
2. Билеп жатқан ортекенің сахналық тұғыры (билейтін орны) қандай?
3. Ортекенің қимыл-қозғалыстарын қалай жылдамдатуға болады (ырғақты өзгерту арқылы, темпі арқылы)?

2-тапсырма. Тыңдау және талқылау.

1. «Секіртпе» күйінің әуенін айтып, ырғағын өзіңе ұнаған ұрмалы аспаптармен көрсет (асатаяқ, тұяқтас).
2. «Секіртпе» күйін ұнтаспадан шертер аспабының орындауында тыңда.



шерттер

домбыра

3. Шерттер аспабы домбыра аспабына ұқсай ма (пішіні, ішегі, беті, құлағы)?

4. Шерттер мен домбыра аспабының орындауындағы күйдің айырмашылығы неде деп ойлайсың?

Әуенінде, ырғағында, дыбыстық бояуында – тембрінде (дыбысы – жіңішкелеу, ашық, жабықтау, қоңыр).

Тембр – музыкалық аспап дыбысының немесе әнші дауысының дыбыстық бояуы.

3-тапсырма. Суырыпсалма.

 **Ортеке**

Өлеңін жазған: Ш. Смаханұлы.

Әнін жазған: Ә. Еспаев.

1. Аты шыққан биімен,
Мен боламын ортеке,

Ойқастаған ортеке,
Қой бастаған ер теке.
Мен бір билеп берейін,
Тұяқтарым сыртылдап,
Мен бір билеп берейін,
Буындарым былқылдап.

2. Қоңыр тоқты, көк тұсақ,
Сен де биле мен құсап.
Қарап тұрмай бекерге,
Серік болып текеге.
Қобыз мойын түйелер,
Шудаларың желкілдеп,
Өркештерің селкілдеп,
Тайрандап бір билендер.

- ?! 1.** Әннің мәтініне зейін сал, әуені мен сөзін жаттап ал.
2. Әннің бірінші шумағындағы «Тұяқтарым сыртылдап», «Буындарым былқылдап» өлең жолдарын қимылмен (аяқпен, қол буындарымен, иықпен) көрсет.
3. Әннің екінші шумағындағы үй жануарларының қимыл-қозғалысын би арқылы көрсет.
















«Тез табамын»

(суырыпсалма тапқырлық ойын)

Ойынның шарты:

«Ортеке» әніндегі «Қоңыр тоқты, көк тұсақ» деген өлең жолының ән-ырғағын бұзбай сақтап, келесі беттегі түстер мен жануарлардың суретін қолданып орында.


	тоқты		тұсақ
Сен де биле мен құсап			
		ала	
Сен де биле мен құсап			
		сақ	құлақ
Сен де биле мен құсап			
	түсті		
Сен де биле мен құсап			
			
Сен де биле мен құсап			

24-сабақ **КҮЙ ТАРТЫС**

 **Сарыарқа**

Құрманғазының күйі



 Қазақ халқының дәстүрлі мереке, тойларында ақындар сөзбен сайысқан, ал күйшілер күймен тартысқан. Ақындардың сөз сайысын «айтыс», күйшілердің күй жарысын «күй тартыс» деп атайды. Күйшілер күй тартысқа қатысу үшін бірнеше күйді жадында сақтап, шебер орындауы керек болған. Күй тартысына екі немесе одан да көп күйші қатыса алады.

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.

1. Бейнежазбадағы күйшілердің күй тартысын көр, орындаушылардың санын және аспаптарды анықта.
2. Сыныптастарыңмен бірге күй тартыс туралы ойыңды ортаға сал.

3. Үнтаспадан Құрманғазы аталарыңның «Сарыарқа» күйін тыңда. Темпін, көңіл күйін, динамикалық белгілерін анықта.

2-тапсырма. Суырыпсалма.



«Жаңғырық» (ырғақтық сайыс)

Ойынның 1-шарты:

1. Сыныптастарыңмен бірге екі топқа бөлініңдер.
2. Бірінші топтан бір оқушы ырғақты салады.
3. Екінші топ оны қайталауы тиіс.
4. Содан соң екінші топтың бір оқушысы ырғақты салады, ал бірінші топ оны қайталайды.




«Күй тартысқа дайындал»

Ойынның 2-шарты:

- ?! 1. «Сарыарқа» күйінің әуенінен қысқаша үзіндіні үнтаспамен бірге орында.
2. Қыздар мен ұлдар екі топқа бөлініңдер.
 3. Қыздар «Сарыарқа» күйінің әуенін дауысқа салып орындайды.

«Сарыарқа» күйінен қысқа әуен



4. Ұлдар оның ырғағын ұрмалы аспаптарды пайдаланып қайталайды.



Мұнан кейін ауысып орындаңдар.

Күй тартыс – күйшілердің күй жарысы.

3-тапсырма. Орындау.

 **Домбырасыз сән қайда?!**

Өлеңін жазған: Х. Талғаров.

Әнін жазған: И. Нұсіпбаев.

1. Елдің жырын жырлаған,
Қайғысын да толғаған.
Домбырасыз ешқашан
Жүрекке ем қонбаған.

Қайырмасы:

Домбырасыз сән қайда?!
Домбырасыз өн қайда?!
Өн мен күй бар өмірде
От та лаулап жанбай ма?

2. Құрманғазы, Тәттімбет
Домбырамен сайраған.
Жүрекке от жақсын деп,
Елге күйін арнаған.

Қайырмасы:

Домбырасыз сән қайда?!
Домбырасыз өн қайда?!
Өн мен күй бар өмірде
От та лаулап жанбай ма?

- ?! 1.** Өнді басынан аяғына дейін зейін қойып тыңда. Өннің мазмұнына көңіл бөл. Не туралы айтылады?
- 2.** Өнді асықпай, сөздерін түсінікті етіп айт.



СЫБЫЗҒЫМЕН ЖЕТКЕН КӨНЕ АҢЫЗ



Жорға аю

(халық күйі)



Бір аю аралды мекендеп, қонжықтарына таудан тамақ тасып жүргенде, жаңбыр жауып, тасқын жүріп, апандағы қонжықтарын су алып кетеді. Сонда суға ағып бара жатқан қонжықтарын көрген аю таудан жан ұшыра жүгіріп, қонжықтарын апаттан құтқарып қалыпты. Бұны көрген аңшылар, малшылар аюдың жүрісін күйге салып тартыпты. Содан сол күй «Жорға аю» аталған екен.

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Суреттер мен слайдтарға қарай отырып, күй аңызды тыңда.
2. Мазмұнын ұғып, күй аспабын анықта.

СЫБЫЗҒЫ – үрлемелі аспап. Қамыстан, ағаштан, жезден жасалады.



- 3.** Сыбызғының пішініне, дыбысына, тембіріне (қоңыр, жуан, жіңішке) сипаттама бер.
4. Домбыра, шертер аспаптарымен салыстырғанда сыбызғы аспабының дауысы қандай?

2-тапсырма. Суырыпсалма.

- ?! 1.** Су тасқынының дыбысын ұнтаспадан тыңда.
2. Сыныптастарыңмен бірге аюдың қонжықтарын құтқарып жатқан сәтін қимыл-қозғалыспен көрсет.

3-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

- * 1.** Сыныптастарыңмен бірге орындаған тапсырмаларыңды көрсетіңдер.
2. Ең үздігін бейнежазбаға түсір.

4-тапсырма. Орындау.



СЫБЫЗҒЫ
(қысқа қайырым)

Өлеңін жазған: А. Асылбек.

Әнін жазған: А. Исағұлова.

Қамыс, қурай, ағаштан
 Түтікше боп ысылған.
 Үрлемелі, ойықты,
 Дыбысы нәзік сызылған.

- ?! Өн** (қысқа қайырым) алдында сөзсіз айтылатын әуенді ұ(у) буынымен асықпай, тынысыңа лайықтап орында.



ҚОШ КЕЛДІҢ, НАУРЫЗ!

1-тапсырма. Орындау.



Наурызым – нақыл жыр

Өлеңі мен әнін жазған: Ж. Кәрімова.

1. Нұр құйса дарқан далама таңның шапағы,
Күн күлсе терлеп Жер-ана бүршік атады.
Бозторғай жырласа жырын ашық аспанда,
Күй ойнап, шырқалып әндер шалқып жатады.

Қайырмасы:

Наурызым – бабамның сөзі,
Наурызым – анамның сөзі,
Ғасырдан ғасырға жеткен даламның сөзі.

2. Ұлыстың ұлы күнінде ізгі ол жарқын,
Елдікті қасиет тұтқан дәстүр мен салтым.
Тілеген елдің іргесін, жер амандығын
Сақтаған Наурызды бізге айналдым, халқым.

Қайырмасы.

3. Жаңарып, жаңғырып, жаны түлеген далам,
 Наурызда тілеуін төгіп, тойлаған бабам.
 Ақтарып ақ дастарқанға салған бар дәмін,
 Амандық ауылдасына тілейді анам.

Қайырмасы.

- ?! 1.** Әннің орындалуын сипатта (әуені, ырғағы, темпі).
2. Әннің ырғағын қолыңмен партаны соғып көрсет.

2-тапсырма. Зерттеу.



Сен Наурыз мерекесін отбасыңда, мектепте сыныптастарыңмен тойлайсың. Өзіңнің туған жеріңде түрлі мерекелік іс-шараларды көресің.

- ?! Қалай ойлайсың:**
- Наурыз мейрамында дастарқанға қандай ұлттық тағам қойылады?
 - Қандай ұлттық салт-дәстүрлер, ойындар, дәстүрлі өнер түрлері көрсетіледі?
 - «Наурызым – нақыл жыр» әнінің мазмұнына сүйене отырып, Наурыз мерекесі туралы пікіріңді ортаға сал.

3-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.



1. Сыныптастарыңмен бірге Наурыз мерекесіне шағын концерттік бағдарлама дайында.
 2. Наурыз тойына келген өнерпаздар болып, үш топқа бөлініңдер: әншілер, бишілер, актёрлер.

- Әншілер тобы сабақта үйренген «Наурызым – нақыл жыр» әнін хормен сахналық талапқа сай көркем етіп орындаулары керек.
- Бишілер тобы сабақтың өткен бөліміндегі «Қосалқа» биін орындайды.
- Актёрлер «Жорға аю» аңызының желісі бойынша сахналық көрініс дайындайды.

3. Әр топтан бір оқушы шығып, Наурыз мерекесімен сыныптастарын құттықтап, өздері дайындаған өнерлерін тамашалауға шақырады.



«Музыкалық сахналық қойылым» – арнайы сахнада көрсетілетін қойылым.

Концерт – сахнада белгілі реттілікте өнер көрсету.

Үйренгеніңді тексер:

1. Наурыз мерекесін еліміздегі барлық ұлт өкілдері бірге тойлайды. Бұл сөзжұмбақта Қазақстанда тұратын бірнеше ұлт атауы берілген. Оларды тап.



2. Күй тартыс дегеніміз не?

- A. Сөз жарысы
- B. Спорттық жарыс
- C. Бөйге жарысы
- D. Күйшілер жарысы
- E. Әншілер жарысы

3. Тапсырмаларды орында.

1-деңгей:

Күй дегеніміз не?

2-деңгей:

1. Сыбызғы дегеніміз не?

- A. үрлеп ойнайтын шулы аспап
- B. үрлеп ойнайтын музыкалық аспап
- C. ұрмалы шулы аспап
- D. шулы аспап
- E. шертіп ойнайтын аспап

2. Шертер аспабы қандай аспап?

- A. тілшікті аспап
- B. ұрмалы аспап
- C. ішекті аспап
- D. үрлемелі аспап
- E. ырғақты аспап

3-деңгей:

Сыбызғы, шертер, домбыра аспаптарының пішініне, тембріне сипаттама бер.



домбыра



сыбызғы



шертер

7-бөлім. ҚОРШАҒАН ОРТА



Қоршаған мынау дүние –
Аспан, Күн, тау мен кең дала.
Айналып менің үйіме,
Анамдай болған сен ғана.

(Ж. Қайранбай)

Бөлімнен:

- көктемгі табиғат құбылыстарын бақылауды;
- музыка арқылы табиғат құбылыстарын және құстар мен жануарларды бейнелеуді;
- жаңбыр дыбысын салуға «рейнстик» аспабын қолдануды;
- ырғақтық остинато жасауды

үйренесің.

Музыкалық сауат:

- сюита;
- балет;
- остинато.

Терминдер мен ұғымдар:

- көктем – весна – spring;
- жаңбыр – дождь – rain;
- құс – птица – bird.




КӨКТЕМ ӘУЕНДЕРІ

1-тапсырма. Ақпарат іздеу.



- ?!
1. Суреттегі жыл мезгілін анықта.
 2. Өз пікіріңді ортаға сал.

 **Петр Ильич Чайковский** – орыс композиторы. Балаларға арналған көптеген музыкалық шығармалар жазған. Оның «Жыл мезгілдері» атты фортепианоға арналған шығармалары бар.



2-тапсырма. Тыңдау және талқылау.



Апрель. Подснежник

(Сәуір. Бәйшешек)

П. Чайковский

- ?! 1.** Бейнежазбадағы П. Чайковскийдің «Сәуір. Бәйшешек» шығармасын тыңдап, табиғат өзгерісін бақыла. Оқулықта берілген көктем мезгілінің суретімен байланыстыр.
- 2.** Ұнтаспадағы табиғат дыбыстары мен құстардың дауысын зейін қойып тыңда.
- 3.** Естіген дыбыстарыңды сабақта ұсынылған табиғат құбылысы мен құстар бейнеленген суретпен сәйкестендір.

3-тапсырма. Музыка шығару және суырыпсалма.



«Дауыстарды саламын»

(суырыпсалма ойын)

Ойынның шарты:

Сынып үш топқа бөлінеді.

1-шарты: Құстардың дауысын дыбыспен салу. Мысалы: қарға – «қарқ-қарқ», тауық – «қоқ-қоқ» және т.б.

2-шарты: Кестеде берілген табиғат дыбыстарына сәйкес аспаптарды дұрыс таңда. Орындап көрсет.

Табиғат дыбыстары	
НАЙЗАҒАЙ	БҮЛАҚ
Музыкалық аспаптар	

домбыра	үшбұрыш
даңғыра	қоңырау
ксилофон	тұяқтас
асатаяқ	домбыра
барабан	ксилофон
дауылпаз	барабан

***** Құс дауысы мен табиғат дыбыстарын дәл көрсете білген топтың ұпай саны артады.

4-тапсырма. Таныстырылым.

Құс дауыстары мен табиғат дыбыстарын дәл көрсеткен үздік топты анықтауға қатыс.

5-тапсырма. Тыңдау және орындау.



Көктем

Өлеңін жазған: Ж. Сәтібеков.

Әнін жазған: К. Қуатбаев.

Көктем келді, құс келді,
Ойнаймыз біз саз илеп.
Біздің көлге түстенді,
Былтыр кеткен қаз-үйрек. } 2 рет

Алақай-ау, балалар,
Қандай жақсы көктемгі ай.
Гүл жамылды далалар,
Келді ауылға көп торғай. } 2 рет

- ?! 1.** Әннің мәтіні мен мазмұнына зейін қой.
2. Әннің сөзі жоқ әуенмен айтылатын тұстарын жеңіл, мәнерлеп айтуға тырыс.

3. Әнді қолды соғып, ұрмалы аспаптармен сүйемелдей отырып орында.



КӨКТЕМ ЖАҢЫРЫ

1-тапсырма. Тыңдау және талдау.



- ?! 1.** Суретке қарап, мына сөздердің ішінен судың дыбысына байланысты үш тірек сөзді тап: *мұхит, жаңбыр, өзен, тамшы, сарқырама, бұлақ, көл.*
2. Үш тірек сөзді ұнтаспадағы естіген дыбыстарыңмен салыстыр. Дұрыстығын өзің бағала.
3. Жаңбырдың дыбысын тыңда.

2-тапсырма. Талқылау.

1. Жаңбыр басталғанда, күшейгенде және бәсеңдеген кезде қандай дыбыстарды естисің?
2. Жаңбыр жауғанда қандай динамикалық белгілерді естуге болады?
3. Жаңбыр жауғанда темп (екпін) қалай өзгереді?

3-тапсырма. Музыка шығару және суырыпсалма.

- ?! 1.** Жаңбырдың үш сәтін қол қимылдары арқылы көрсет. Мысалы: жаңбырдың басталуы – алақанды ашу, күшей-


генде екі қолымызбен басымызды қалқалау, бәсеңдегенде ...?

2. Жаңбырдың үш сәтін өзің ойлап тапқан қимыл немесе белгілер арқылы көрсет.

3. Ұрмалы, шулы аспаптар арқылы жаңбырдың үш сәтін көрсет.

4-тапсырма. Талқылау және жасау.

Рейнстик аспабы және оның жасалуы



1. Рейнстик аспабы туралы бейнежазбаны көр.

2. Рейнстик аспабының дыбысын өзіңе таныс табиғат дыбыстарымен, музыкалық аспаптармен салыстыр.

3. Рейнстик аспабы неліктен жаңбырдың дыбысы сияқты дыбыс шығарады?

4. Суреттегі рейнстик аспабының пішініне, жасалу жолдарына назар аудар.

«Рейнстик» ағылшын тілінен аударғанда «жаңбыр таяқшасы» деген мағынаны білдіреді.

?! 5-тапсырма. Музыка шығару және суырыпсалма.



Жау-жау, жаңбыр!

Өлеңін жазған: Ш. Сариев.

Әнін жазған: К. Дүйсекеев.

1. Алатаудың бауырына,
Атам-әжем ауылына,
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші!

Қайырмасы:

Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің әсем қалама.
Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің байтақ далама.
Менің әсем қалама,
Менің байтақ далама.

2. Алматыдай ақ қалама,
Жасыл желек жас қалама.
Ақша бұлттар, ауа берші,
Жау-жау, жаңбыр, жауа берші!

Қайырмасы:

Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің әсем қалама,
Бақыт болып жаушы, жаңбыр,
Менің байтақ далама.
Менің әсем қалама,
Менің байтақ далама.

- ?! 1.** Әннің әуені мен ырғағына баса назар аудар.
2. Әннің мәтіні мен сипатына қарай рейнстик аспабын қолдан.



МУЗЫҚАДАҒЫ ҚҰСТАР БЕЙНЕСІ

1-тапсырма. Тыңдау және талқылау.

Балапанның жұмыртқаны жарып шығу сәтін дыбыссыз бейнежазбадан бақыла.

2-тапсырма. Музыка шығару.

- ?! 1.** Бейнежазбаны көріп, өз дауысыңмен, музыкалық аспаптарды немесе қолда бар заттарды пайдаланып (мысалы: қалам, қарындаш, кітап, қағаз, сызғыш және т.б.), ондағы көріністі дыбыста.
- 2.** Дыбыссыз материалды қайта қарап, өзің шығарған дыбыстармен салыстыр.

3-тапсырма. Музыка тыңдау және талдау.



«Картинки с выставки» сюитасы

Музыкасын жазған: М. Мусоргский.



Орыс композиторы М.П. Мусоргскийдің «Көрмедегі көріністер» («Картинки с выставки») әйгілі сюитасындағы «Балет невылупившихся птенцов»


шығарма атауын қазақ тіліне аударсаң, «Жұмыртқадан шықпаған балапандар балеті» деп аталар еді. Мұнда композитор жұмыртқаны енді жарып, қанаттары қатпаған балапандарды бейнелеген.

Сюита – бірнеше қысқаша музыкалық шығармалардан тұратын аспаптық музыканың түрі. Көбіне би не өн сипатында болады. Сюитаның әр бөлімі – белгілі бір оқиғаны суреттейтін музыкалық шығарма. Мысалы, М.П. Мусоргскийдің «Көрмедегі көріністер» сюитасы – 10 бөлімнен тұратын фортепиано аспабына арналған музыкалық шығарма. Сен тыңдаған «Жұмыртқадан шықпаған балапандар балеті» – оның 3-бөлімі.

Модест Петрович Мусоргский – белгілі орыс композиторы. «Картинки с выставки» («Көрмедегі көріністер») атты шығармасы әлемге танымал.



- ?! 1.** Орыс композиторы М.П. Мусоргскийдің «Көрмедегі көріністер» атты әйгілі сюитасынан «Балет невылупившихся птенцов» («Жұмыртқадан шықпаған балапандар балеті») музыкалық шығармасын тыңда.
- 2.** Бейнежазбадан «Балет невылупившихся птенцов» мультфильмін тамашала.
- 3.** Мультфильмде композитордың музыкасы кішкене балапандар бейнесін қалай суреттеген?

 Қазақ халқының құстарға арналған күйлерінің ішінде аққуға арналған күйлер көп. Осындай күйлердің бірі – Сүгірдің «Аққу» күйі.



Сүгір Әлиұлы – атақты күйші, композитор. Жастайынан «күйші Сүгір» атанған. Қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.



Аққу

Сүгірдің күйі



?! Аққудың қимыл-қозғалысын сипатта (суда жүзгенін, қанатын қаққанын және т.б.).

4-тапсырма. Суырыпсалма.

?! Екі топқа бөлініңдер: сыныпта тыңдаған музыкалық шығармалардағы құстардың бейнесін елестетіп, қимыл-қозғалыстарын көрсетіңдер (би қимылы, құстың қанатын сабалай қағуы және т.б.).

5-тапсырма. Орындау.



Кім қалай шырқайды?

Өлеңін жазған: А. Асылбек.

Әнін жазған: Ж. Тұрсынбаев.

1. Қонып алып талға,
Қарқылдайды қарға.
Қарқ-қарқ-қарқ.
2. Өзінің атын төпеп,
Шақырады көкек.
Көкек, көкек, көкек.
3. Отыра алмай тыншып,
Шиқылдайды шымшық.
Шиқ-шиқ.

?! 1. Ұнтаспадан тыңдаған «Кім қалай шырқайды?» әнін үйрен. Осы әннің әуеніне өлең жолдарын қосып орында.
2. Үш топқа бөлініңдер:
 1-топ өлең жолдарындағы құстардың дауысын салады.
 2-топ әннің ырғағын шапалақпен соғып көрсетеді.
 3-топ әуенін айтып, аспаппен сүйемелдейді.

Үлгі:





МУЗЫКАДАҒЫ ТӨЛДЕР БЕЙНЕСІ

Төлдер

Өлеңін жазған: Ж. Өмірбеков.

Әнін жазған: Б. Физатов.


1. Қошақаны қойдың,
Қайда қалып қойдың?
Бұлтиып тұр бүйірің,
Қай өрістен тойдың?
2. Секең-секең, ей, лақ,
Жүрмін саған кейіп-ақ.
Тыным тапсаң болмай ма?
Секірмей-ақ кей уақ.
3. Ботақаны нардың,
Жарға неге бардың?
Тілерсегің дірілдеп,
Секіре алмай қалдың.

1-тапсырма. Орындау.

1. Әнді орында. Әуені мен өлең жолдарына назар аудар.

2. Көрсетілген үлгідегі әннің әуені мен ырғағындағы тұрақты қайталанатын әуенді бақыла.





2-тапсырма. Суырыпсалма.



«Бірғақтық суырыпсалма»

Ойынның шарты:

1. «Төлдер» әнінің «Қошақаны қойдың» деген бірінші жолын асатаяқпен біркелкі ырғақта соғып орында.

2. Әннің «Қайда қалып қойдың?» деген екінші жолындағы «қойдың» сөзін мына ырғақта асатаяқпен соғып сүйемелде:



?! Қалай ойлайсың, сенің сүйемелінде қандай сөз тіркесі тұрақты бір ырғақпен сүйемелденді?

3-тапсырма. Музыка шығару.

Үш топқа бөлініңдер: **қошақан, лақ, ботақан.**

Өр топ өнге сәйкес өзінің өзгермейтін тұрақты ырғағы мен әуенін ұсынады. Келесі беттегі үлгіге қарап орындаңдар.


110

Үлгі:

Қо - ша - қа - ны қой - дың

До - ми - соль - соль - ля соль

Немесе


 **Ля** нотасы екінші және үшінші сызықтың ортасына жазылады.

4-тапсырма. Таныстырылым.

Сыныптастарыңмен бірге топтық жұмыстарыңды бағала.

5-тапсырма. Орындау және суырыпсалма.

Өзің шығарған ырғақтық немесе әуендік остинатоны пайдаланып, әнді орында.

 Музыкалық шығармаларда әуендік-ырғақтық немесе тек әуендік не ырғақтық жағынан өзгермейтін тұрақты қайталанымдар кездеседі. Оны музыка тілінде «**остинато**» деп атайды.

Үйренгеніңді тексер:

1. «Картинки с выставки» суреттеме сюитасының авторы.

А. П. Чайковский

- В. К. Дүйсекеев
- С. Б. Ғизатов
- Д. М. Мусоргский
- Е. Сүгір

2. Остинато дегеніміз не?

- А. нотаның таңбалануын білдіретін белгі
- В. тұрақты қайталанатын музыкалық өуен, ырғақ
- С. дыбыс күшін көрсететін белгі
- Д. дыбыс бояуын білдіретін белгі
- Е. дыбыс таңбасы

3. Тапсырмаларды орында.

1-деңгей:

«Кім қалай шырқайды?» әнінің кейіпкерлері.

- А. шымшық, қарға, торғай, қарлығаш
- В. қарға, тоқылдақ, шымшық, көкек
- С. көкек, шымшық, қарға
- Д. аққу, шымшық, қарға
- Е. қаз, үйрек, торғай

2-деңгей:

Мына ырғақ «Кім қалай шырқайды?» әнінің кейіпкерлерінің қайсысына жақын екенін тап:




3-деңгей:

Көгершін, тоқылдақ, торғайдың ырғақтық дыбыстарын сал. Оны дауысыңмен немесе қолыңдағы қандай да бір аспап арқылы көрсет.

Қыс мезгілінде жылы жаққа ұшпайтын құстарға қамқорлық жасауды ұмытпа!

8-бөлім. САЯХАТ



Тау, далам, өзен – мекенім,
Өзінде түлеп өсемін.
Анамдай болған табиғат,
Еркелеп саған өтемін.

(Ж. Қайранбай)

Бөлімнен:

- жайлаудағы дауыстар мен дыбыстарды тыңдауды;
- шертпе және төкпе күйлердің орындаушылық ерекшеліктерін ажыратуды;
- шағын музыкалық әуен шығаруды;
- қаладағы дыбыстар үнін естуді

үйренесің.

Музыкалық сауаттылық:

- күй;
- шертпе;
- төкпе.

Терминдер мен ұғымдар:

- дыбыс – звук – sound;
- дауыс – голос – voice;
- қала – город – city.



БҰЛАҚ СЫЛДЫРЫ



Ақбұлақ

Әні мен өлеңін жазған: Б. Тәжібаев.

Күндіз-түні бір тынбай,
Дала кезген шапқылап.
Құмар едім өзіңе
Бала кезден, Ақбұлақ.

Өнге бөлеп маңайды
Асып-тасып жатасың,
Ақ моншақтан аспанға,
Шашу шашып жатасың.

Қайырмасы:

Сенің келіп жағаңнан
Анам талай су алған.
Сенің келіп жағаңнан
Әкем атын суарған.

Айналайын Ақбұлақ,
Асыр салғам жағаңда.
Сенен артық өлкені
Бұл әлемнен табам ба!

1-тапсырма. Тыңдау және орындау.



1. Ақын, композитор Б. Тәжібаевтың «Ақбұлақ» әнін тыңдап, қайырмасын үйрендің. Әннің бірінші шумағы мен қайырмасын қосып, толық орында.

2. Әннің мәтіні мен көңіл күйіне назар аудар. Мәнерлеп, көркем орындауға тырыс.

3. Өлең жолдарынан музыка мен әшекейге байланысты теңеу сөздерді тап.

2-тапсырма. Тыңдау және талдау.

1. Бейнежазбадан бұлақтың дыбысын тыңда.
2. Бұлақ сылдырын қандай музыкалық аспаптар арқылы көрсетер едің: қоңырау, үшбұрыш, асатаяқ, тұяқтас?
3. М. Сағатовтың «Бұлақ» музыкалық шығармасын есіңе түсір, қайта тыңда.

Бұлақ бейнесін композитор қалай сипаттаған (жылдамдығы, көңіл күйі)?

Жылдамдығы	орташа	жылдам	өте жылдам	баяу
Көңіл күйі	көңілді, жеңіл	мұңды	байсалды	серпінді

3-тапсырма. Музыка шығару.

?! 1. До, ми, соль ноталарымен, аспаптар көмегімен бұлақтың әуенін шығар.

Алдыңғы сабақта танысқан рейнстик аспабын қолдан.

Үлгі:



4-тапсырма. Орындау және бағалау.

1. Бұлақ «саяхатына» музыкалық композиция орында.

2. Оқулықтағы суретке қарап, бұлақтың «саяхатын» әңгімеле (бұлақтың тау басынан ағып, орман мен даладан ауылға жетуін және т.б.).

3. Бұлақтың ауылға жетуін түрлі музыкалық әуендер мен музыкалық аспаптар арқылы көрсет. Мысалы:

Таудан аққан бұлақ:



Орман мен даланы аралап аққан бұлақ:



Ауылдағы бұлақ:




4. Бұлақ басындағы балалар қуанышын «Ақбұлақ» әнімен немесе өзің таңдаған өлең әуенімен көрсетуіңе болады.

Өзіңе ұнаған композицияны ойластырып, музыкалық әуен мен ырғақты қолдан.

Композицияны бағала.



ЖАЙЛАУ ӘУЕНІ



1-тапсырма. Суретке қарап, жайлау туралы қысқаша әңгіме құрастыр. Мына тірек сөздерді пайдалан: *желдің үні, шөптің сыбдыры, бұлақ сылдыры және төрт түліктің дауысы.*

2-тапсырма. Тыңдау және талдау.



Сарыжайлау

Тәттімбеттің күйі

1. Ұнтаспадағы күйге қосылып, қысқа үзінді орында.
2. Қалай ойлайсың, күйдің сипаты қандай? (нәзік, қуатты, дауылды, серпінді)
3. Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйінің суретін салуға қай түсті таңдар едің?



3-тапсырма. Музыканы талдау.

- * 1. Құрманғазының «Сарыарқа» күйі мен Төттімбеттің «Сарыжайлау» күйін тыңда.
- 2. Екі күйдің темпін, әуенін, музыкалық көңіл күйін салыстыр.
- 3. Бейнежазбадағы күйшілердің күй орындау кезінде оң қолына назар аудар.

Қазақ күйлері орындалуына қарай **шертпе** және **төкпе** болып бөлінеді. **Шертпе** күй оң қолдың саусақтарымен шертіліп, **төкпе** күй оң қолдың саусақтары бірігіп, жоғары-төмен серпіліп орындалады.

4-тапсырма. Музыка шығару.

- ?! 1. Ұнтаспадан «Сарыжайлау» күйінің қысқаша әуенін үйрен:
- Үлгі:



- 2. Осы ноталарды пайдаланып, өзің қысқаша музыкалық әуен шығар, ырғағын түрлендір.
- 3. Ұрмалы және шулы аспаптарды қолдан.
- ?! 5-тапсырма. Таныстырылым және бағалау. «Жайлау дыбыстары» тақырыбына таныстырылым жаса.

- 1. «Сарыжайлау» күйінің әуенін немесе өзің шығарған әуенді қолдан.

2. Шығарған музыкалық әуенге сөз жаз.
3. Әрбір музыкалық әуеннен кейін оны дауыс немесе музыкалық аспап арқылы көрсет.

Үлгі:



1) Жасыл біздің жайлауда бұлақ ағар (ксилофон немесе рейнстик аспабын қолдан).

2) Жел қозғалтар шөп басын (желдің үні мен шөп сыбдырын үрлемелі аспаппен немесе дауыспен көрсет).

3) Төрт түліктің немесе басқа хайуанаттар дауысын сал.

4. Орында және бағала.

6-тапсырма. Орындау.



Кел жайлауға

Өлеңін жазған: Д. Жанботаев.

Әнін жазған: Ә. Телғозиев.

1. Келдік, міне, жайлауға,
Жайлау жақсы ойнауға.
Ағып жатыр бал бұлақ,
Аршалы сай, қойнауға.

Қайырмасы:

Жайлау, жайлау, жасыл тау,
Жасыл тауда осынау

Жорға мініп ойналық,
Қонаққа кел, досым-ау.

2. Аққуындай даланың,
Ақ боз үйі атамның.
Көрген кезде әжемді,
Қуанып бір қаламын.

Қайырмасы:

Жайлау, жайлау, жасыл тау,
Жасыл тауда осынау
Жорға мініп ойналық,
Қонаққа кел, досым-ау.

3. Менің атам қырдағы,
Бейне батыр жырдағы.
Келіп жүр деп жайлауға,
Жорға тайын сыйлады.

Қайырмасы:

Жайлау, жайлау, жасыл тау,
Жасыл тауда осынау
Жорға мініп ойналық,
Қонаққа кел, досым-ау.

- ?! 1.** Өнді үйрен. Мәтін жолдарының мазмұнына назар аудар.
- 2.** Өннің көңіл күйіне, екпіні (темпі) мен ырғағына сипаттама бер.
- 3.** Өннің өлең жолдарына музыкалық-сахналық қойылым жаса.



ДАЛА ӘУЕНІ



Көңілашар

Түркештің күйі



1-тапсырма. Тыңдау.



1. Суретке қарап, дала туралы ой-пікіріңмен бөліс.
2. Ұнтаспадан Түркештің «Көңілашар» күйін тыңда.
3. Күйдің көңіл күйіне (байсалды, жігерлі, шабытты, нәзік және т.б.), темпіне, динамикалық күшіне назар аудар.
4. «Көңілашар» күйін алдыңғы сабақта тыңдаған «Сарыжайлау» күйімен салыстыр. Қайсы күй шертпе, қайсы күй төкпе?

2-тапсырма. Музыка шығару.

1. Ұнтаспадан «Көңілашар» күйінің қысқаша әуенін үйрен.

Үлгі:



2. Берілген ноталарды пайдаланып, өзің қысқаша музыкалық әуен шығар.

Үлгі:



3-тапсырма. Таныстырылым және бағалау.

- * 1. Шығарған әуеніңе ұрмалы аспаптарды пайдалан.
- 2. Орындағаныңды бағала.



Кең дала

Әлеңін жазған: Н. Әлімқұлов.

Әнін жазған: И. Нұсіпбаев.

1. Алақай-ау, алақай!
 Дала қандай кең еді.
 Бәрі мендей балақай,
 Асыр салып келеді. } 2 рет

2. Жайнап өскен гүліндей
 Ұлымын кең даланың.
 Өзім туған үйімдей
 Аунап-қунап аламын. } 2 рет

3. Аралаймын орманды,
 Шаршамаймын, ойнаймын.
 Осынау дала мейрамын
 Мен де бірге тойлаймын. } 2 рет

?! Әнді жеңіл, көтеріңкі көңіл күймен орында.



ҚАЛА ҮНІ



1-тапсырма. Тыңдау және талдау.

- ?! 1.** Қалаға қиялыңмен серуен жаса. Қалада қандай дыбыстарды естисің?
2. Қандай дыбыстар басым деп ойлайсың? Шулы дыбыс па, әлде музыкалық дыбыс па?
3. Ұнтаспаны тыңдап, қаладағы музыкалық және шулы дыбыстарды ажырат (мысалы, адамның аяқ дыбысы, ұялы телефонның дыбысы, өртүрлі көлік дыбыстары және т.б.).

2-тапсырма. Суырыпсалма.

1. Суретке қарап, қала көрінісіне назар аудар, қала үніне композиция құра.

«Қалаға саяхат»



Автовокзалдың іші адамға лық толы. Автовокзалда автобус бағыттарын хабарлап жатыр. Міне, тұраққа автобус келіп тоқтады.

Жолаушылар автобуска енді. Автобус қозғалды, қозғалтқыштың үні естілді. Адамдар бір-бірімен, ұялы телефондарымен сөйлесіп отыр. Кенет музыка қосылды (өзіңе ұнаған әуенді таңда). Сыртта жел, көліктердің үні. Автобус аялдамаға тоқтады. Тежегіштің дыбысы шықты. Көшедегі адамдардың дауысы мен аяқ басқан дыбыстары айқын естіле бастады. Қаланы аралаған бір топ бала автобуска мініп, әсем ән шырқады.

2. Композицияны орындағанда дауыспен, ұрмалы, шулы және қолда бар музыкалық аспаптар көмегімен қала үнін сал.

3. «Қала үні» ойынына қатыс.



«Қала үні» ойыны

Ойынның шарты:

Жұпқа бөлініңдер.

• Жұптағы бірінші бала қаланың өзіне таныс шулы, музыкалық дыбыстарын аспаппен немесе өз дауысымен салып көрсетеді.

• Жұптағы екінші бала оның суретін салады.

Содан соң олар орындарын ауыстырады.

3-тапсырма. Таныстырылым және орындау.

1. «Менің қалам» тақырыбына таныстырылым жаса.

Үлгі: Менің қалам – (үлкен, жасыл, жас және тарихи т.б.) жасыл қала.



2. Қалаңның өзіңе ұнаған көркем жерлерін ұялы телефоныңа түсіріп ал.

3. Түсірілген суреттерді сабақта өткен музыкалық шығармалармен немесе өзің шығарған музыкамен өрле.

4. Қайсысы жақсы шықты?

Арайлы Астана

Өлеңін жазған: Қ. Әбілов.

Әнін жазған: Т. Мұхамеджанов.



1. Сәулесі түскен Есілге,
Сарыарқа төсінде.
Армандай әсем қала бар,
Бір көрсең, мәңгі қалар есіңде.

Қайырмасы:

Астанам, саған табынам, аңсаймын, сағынам.
Таңдарың қандай жарқын, жандарың қандай алтын,
Бақытқа бастаған Астанам.

2. Биікте болсын байрағың,
Мақтаным, айбарым.
Күн өткен сайын құлпырып,
Көктемгі әсем гүлдей жайнаған.

Қайырмасы.

3. Елордам менің еңселі,
Ерліктің өлшемі.
Арудай қала, аяулым,
Мәңгілік сүйіп өтем мен сені.

Қайырмасы.

- ?!** Бүгінгі күні Қазақстандағы барлық қала мен ауыл көркейіп келеді. Ал ең әдемісі – бас қаламыз Астана. «**Арайлы Астана**» әні өлең жолдарының мәтінін салтанатпен, асқақтата орында.

Үйренгеніңді тексер:

1. Түркештің күйі.
А. «Сарыарқа»
В. «Сарыжайлау»
С. «Көңілашар»
Д. «Аққу»
Е. «Секіртпе»
2. Музыкалық дыбыс дегеніміз не?
А. бұлақтың сылдыры

- В. тұяқтастың үні
- С. дауылпаз үні
- Д. белгілі биіктігі бар дыбыс
- Е. дыбыстың шығуы

3. Тапсырмаларды орында.

1-деңгей:

Төкпе күй дегеніміз не?

- А. шертіліп орындалатын күй
- В. табиғат бейнесін көрсететін күй
- С. шулы дыбыстарды орындау
- Д. серпіліп орындалатын күй
- Е. ұрмалы аспапта орындалатын күй

2-деңгей:

Берілген әуен қай күйден алынғанын айт.



- А. «Сарыжайлау»
- В. «Сарыарқа»
- С. «Көңілашар»
- Д. «Секіртпе»
- Е. «Аққу»

3-деңгей:

Шертпе мен төкпе күйдің ерекшелігін тап.

- А. орындаушылық ерекшелігінде
- В. дыбыс бояуларында
- С. темптік өзгерістерде
- Д. ырғақтық ерекшелігінде
- Е. дыбыс ерекшелігінде

ГЛОССАРИЙ

Аты	Түсінік
1	2
ақын	өлең немесе жырды ауызша не жазбаша түрде шығаратын өнер иесі
ән	ең кең тараған музыкалық шығармалар жанры
әуен	бір дауыста берілген музыкалық ой
балет	сахналық би өнерінің түрі
барабан	ұрмалы музыкалық аспап
би	музыкамен немесе ырғақпен түрлі дене қимылдарын жасап орындалатын өнер түрі
биіктік (регистр)	дыбыс бояу (тембр) арқылы біріктірілген бірнеше дыбыс, биіктіктің түрлері: жоғарғы, ортанғы, төменгі
бубен	ұрмалы музыкалық аспап
Ғизатов Бисенғали (1925–2005)	балалар композиторы, шығармалары: «Төлдер», «Күшігім менің Саққұлақ», «Анамызға мың алғыс», «Өліппе» және т.б.
дауылпаз	қазақтың ұрып ойналатын көне музыкалық аспабы
Дәулеткерей Шығайұлы (1820–1887)	қазақтың атақты күйші-композиторы, оның күйлері: «Қосалқа», «Жігер», «Қыз Ақжелең», «Көрұғлы» және т.б.
диминуэндо	музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте әлсірегенін көрсетеді, белгісі – «>»
динамика (дыбыс күші)	музыканың түрлі дыбысталуын (өте қатты – қатты – сәл күшейте – орташа – ақырын – өте ақырын) көрсетеді
домбыра	қазақ халқының ең кең тараған, екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы
дудка	стадионда жанкүйерлер үрлеп ойнайтын аспап
дыбыс биіктігі	музыкада әуеннің түрлі қозғалысын (жоғары, орташа, төмен) көрсетеді

1	2
Дүйсекеев Кеңес (1946 ж.т.) екпін (темп)	композитор, оның балаларға арналған өндері: «Жау-жау, жаңбыр!», «Ана тілін сүйеміз», «Солдат болам мен ертең» және т.б. (tempus – уақыт) музыкада шығарманы орындау кезіндегі жылдамдық белгісі
Еспаев Әбілахат (1925–1980) композитор ксилофон	композитор, оның балаларға арналған өндері: «Ойлан, тап», «Ортеке», «Құлыншақ», «Ұстазым менің, ұстазым» т.б. музыкалық шығармалардың авторы ұрмалы музыкалық аспап, ол дыбыстары өртүрлі биіктікте қатар-қатар тізілген ағаш пластиналардан құралған, дыбысы балғашықпен соғу арқылы шығады
күй	музыкалық жанр: домбыра, қобыз, сыбызғыда ойналады
крещендо	музыкалық термин: дыбыс күшінің бірте-бірте күшейгенін көрсетеді, белгісі – «<»
күй тартыс	күйшілердің күй жарысы
кіріспе	музыкалық шығармадағы негізгі әуен басталар алдында орындалатын қысқаша әуен
қазақтың халық әні	кең тараған халық музыкасының түрі
қоңырау	музыкалық аспап: жез, мельхиордан жасалады
Моцарт Вольфганг Амадей (1756–1791)	австриялық композитор, шебер музыкант, әлемдегі атақты композиторлардың бірі
музыка	өнердің бір түрі
музыкалық аспап	түрлі музыкалық дыбыстар шығаратын (ойналатын) құрал
музыкалық дыбыс	музыкалық жүйеде нақтылы орны бар, тұрақты биіктіктегі дыбыс

1	2
музыкалық көркемдеуіш құралдар	әуен, ырғақ (ритм), регистр, тембр (дыбыс бояуы), екпін (темп)
Мусоргский Модест Петрович (1839–1881)	белгілі орыс композиторы, оның «Борис Годунов», «Хованщина» атты опералары бар
Мұхамеджанов Төлеген (1948 ж.т.)	композитор, 20-дан астам кинофильмде музыкасы бар, «Құс жолы», «Аяулым», «Заман-ай» әндерін қазақстандықтармен қатар шетелдерде де аса зор ілтипатпен тыңдайды
негізгі әуен	музыканы (күй, ән) сипаттайтын басты әуен
нота	музыканы қағазға жазып түсіруге пайдаланатын графикалық шартты белгілер
Нүсіпбаев Ибрагим (1922–1987)	композитор, оның «Домбырасыз сән қайда?!», «Мектеп вальсі», «Қыс қызығы», «Достық әні» және т.б. әндері бар
остинато	музыкалық шығармаларда әуендік-ырғақтық немесе тек әуендік, не ырғақтық жағынан өзгермейтін тұрақты қайталанымдар
пауза (үзіліс)	музыкалық шығармада уақытша үзілісті көрсететін белгі
пьеса	шағын музыкалық шығарма
пиано	ріано (жай) – музыкалық дыбысты жай орындау
пинг-понг	«пинг» – ракеткамен допты соққан кезде шығатын дыбыс, «понг» – доп ойын үстеліне тигенде шығатын дыбыс
регистр	аспаптар үнінің, адам дауысының жоғарғы, ортанғы, төменгі биіктігі
рейнстик	ағылшын тілінен аударғанда «жаңбыр таяқшасы» деген мағынаны білдіреді

1	2
релятивті жүйе (сольмизациялау)	(<i>соль, ми</i> ноталар негізінде туындаған) шартты буындар мен арнайы қол қимылдарды пайдалана отырып, өртүрлі өуендерді айту
Сағатов Мансүр (1939–2002)	композитор, оның «Әлия» атты балеті, фортепианолық шығармалары, «Туған ел», «Алматым менің» өндері мен романстары бар
салт-дестүр	халқымыздың ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіндегі үлгілі ғұрпы
скрипка кілті	<i>скрипка кілті</i> немесе <i>соль кілті</i> деп аталады
соққы	музыкалық шығарманың (бір минутта) орындалу екпінінің көрсеткіші (белгісі)
Сүгір Әлиұлы (1882–1961)	атақты күйші, композитор, оның «Аққу», «Шалқыма», «Қосбасар» күйлері халыққа кеңінен танымал
сүйемелдеу	өнге қосылып музыкалық аспапта ойнау
сыбызғы	қамыстан, ағаштан, жезден жасалған үрлемелі музыкалық аспап
сюита	бірнеше қысқаша музыкалық шығармалардан тұратын аспаптық музыканың түрі
Тәттімбет Қазанғапұлы (1815–1862)	Арқа өңірінің атақты күйшісі, композитор, оның «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», «Көкейкесті» күйлері халыққа кең танымал
тембр	музыкалық аспап дыбысының немесе өнші дауысының дыбыстық бояуы (сапасы)
тұсақ	бір жас пен екі жас арасындағы қой
тоқты	бір жастағы қой
төкпе күй	орындалу ерекшелігіне байланысты, яғни оң қолдың саусақтары бірігіп, жоғары-төмен серпіліп орындалатын күй

1	2
Түркеш Қалқаұлы (1832–1875)	күйші, композитор, оның «Көңілашар», «Терісқақпай», «Байжұма» атты күйлері бар
ұзақтық	музыкада дыбыстың немесе үзілістің (пауза) ұзаққа созылғандығы
үшбұрыш	үшбұрыш түрінде иіліп, темірден жасалған соқпалы музыкалық аспап, темір таяқшамен соғып ойнағанда қоңырауға ұқсаған әдемі дыбыс шығады
фольклор	халықтың ауызекі шығармашылығы (ертегілер, аңыз-әңгімелер, батырлар жыры, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер және т.б.)
форте	forte (қатты) – музыкалық дыбысты қатты орындау
фортепиано	клавишті-темір ішекті музыкалық аспап
Чайковский Петр Ильич (1840–1893)	атақты орыс композиторы, «Щелкунчик» балетіне музыка жазған және 80-нен астам туындының, соның ішінде, балаларға арналған шығармалардың авторы
шаңқобыз	темірден немесе күмістен жасалған сүйір тілшесі бар көне музыкалық аспап
шертпе	оң қолдың саусақтарымен шертіліп орындалатын күй тарту әдісі
шертер	ертеден келе жатқан шертіп ойнайтын музыкалық аспап, шертіп ойнау тәсіліне қарай «шертер» деп аталады, пішіні домбыраға қарағанда сәл кішілеу, үш ішекті аспап
ырғақ (ритм)	ұзақ, қысқа дыбыстардың реттілігі

САБАҚТА ПАЙДАЛАНАТЫН ОҚУ РЕСУРСТАРЫ

Сабақ №	Сабақ тақырыбы	Оқу ресурстары
1-бөлім. Өзім туралы		
1	Музыкалық қоржын	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017
2	Ойыншығыма арналған бесік жыры	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Бесік жырлары. Балаларға базарлық. http://www.balakai.kz/besik_zhyrlary/ 3. Қазақша уикипедия. Бесік жыры. https://kk.wikipedia.org/wiki
3	Сүйікті әуендерім	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка, 2-сынып. 2017
4	Ақылды ойыншықтар	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017
2-бөлім. Менің отбасым және достарым		
5	Өзім туралы	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. «Достарым», әні мен сөзі Б.Бейсенованікі. http://umorina.info/track/бейсенова%20достарым
6	Мен және менің достарым	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. «Достық әні». https://www.youtube.com/watch?v=6JAdbNkc970
7	Мен және менің отбасым	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki

1	2	3
8	Менің музыкалық отбасым	Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Ұрмалы, шулы аспаптар
9	Бір отбасы оқиғасы	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. «Достарым», өні мен сөзі Б. Бейсенованікі. http://umorina.info/track/бейсенова%20достарым
3-бөлім. Менің мектебім		
10	Сыңғыр-лаған қоңырау	Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Қоңырау аспабының дыбыс жазбалары: В.А. Моцарт. «Волшебные колокольчики». http://boobooka.com/ 4. Қазақ халық музыкалық аспаптар • Konyrau • https://www.youtube.com/watch?v=HU4I9bsAPoE
11	Мектептегі бір күнім	Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. С. Еркімбаев. «Воспоминание», https://www.youtube.com/watch?v=oeVx_LBvELA . Құрманғазының күйі «Балбырауын», В.А. Моцарттың «Рондо» шығармасы: Интернет ресурс
12	Менің ұстазым	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki
13	Көңілді үзіліс	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Санамақ видеосы. https://www.youtube.com/watch?v=Bnm9k2S96Hq

1	2	3
4-бөлім. Менің туған өлкем		
14	Туған өлкемнің табиғаты. Қыс	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Қысқы пейзаж бейнеленген суреттер. Youtube.com 4. Челеста, металлофон, үшбұрыш, бубен, барабан аспаптары. Youtube.com
15	Қарлы тау өуені	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Іле Алатауының пейзажы суреттелген презентация: Youtube.com
16	Менің Отаным – Қазақстан	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. Құрманғазының «Сарыарқа» күйінің аудио және бейнежазбасы 2 мин https://www.youtube.com/watch?v=jLTdXTeSL9Q
5-бөлім. Дені саудың – жаны сау		
17	Кел, билейік!	<ol style="list-style-type: none"> 1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. «Қосалқа» күйі бейнежазба (2.28 мин) https://www.youtube.com/watch?v=iOLpCY3kkhM 4. «Қосалқа» биінің тарихы http://bmtv.kz/kz/bilgenge-marzhan/item/16456-osal-a-bii-neden-tuyndady.

1	2	3
18	Қысқы спорт түрлері	<p>1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017</p> <p>2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki</p> <p>3. «Спорттық шараларда қолданылатын дыбыстар» https://www.youtube.com/watch?v=PF8GTVvNJgI http://wav-library.net/sound-effect - звуковые эффекты https://www.youtube.com/watch?v=ie69f7L1AUw – футбольный стадион</p>
19	Пинг-понг	<p>1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017</p> <p>2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki</p> <p>3. http://wav-library.net/sounds/sports/igra_v_ping_pong_podacha_wav_zvuk_skachat/86-1-0-14623</p> <p>4. https://www.youtube.com/watch?v=KywshGUyW2I</p>
20	Ас – адамның арқауы	<p>1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017</p> <p>2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki</p> <p>3. https://www.youtube.com/watch?v=h9vpiubiXaU</p>
21	Стадион үні	<p>1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017</p> <p>2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki</p> <p>3. http://wav-library.net/sounds/crowd/privetstvennyye_kriki_stadion_bolshaja_tolpa_skachat_zvukovoj_ehffekt_zvuchanie/94-1-0-1265</p>
6-бөлім. Салт-дәстүр және фольклор		
22	Халық әуені мен ырғақтары	<p>1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017</p> <p>2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki</p>

1	2	3
23	«Ортеке»	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=RdtyEFDd4Uk 4. https://www.youtube.com/watch?v=xajnRJnYF-w
24	Күй тартыс	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=s46WevNrDuM
25	Сыбызғы-мен жеткен көне аңыз	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=ZnMlB-CndFw Халық күйі «Жорға аю». Сыбызғышы Еңбек Өбдоллаұлы. Монғолия қазақтары
26	Қош келдің, Наурыз!	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki
7-бөлім. Қоршаған орта		
27	Көктем әуендері	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. http://wav-library.net/sounds/theatrical_noises/groza_s_dozhdem_mp3_zvuk_skachat/186-1-0-4853 4. http://www.youtube.com/watch?v=mmof1rtxs4g П.И. Чайковский «Апрель. Подснежник»
28	Көктем жаңбыры	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=8pMV89OZxFY 4. https://www.youtube.com/watch?v=bU8dVXDNvOQ Рейнстик аспабын жасау туралы бейнематериал

1	2	3
29	Музыкадағы құстар бейнесі	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=N-MoROBoPTs 4. http://wav-library.net/sounds/birds/penie_ptic_v_parke_zvuk_mp3_skachat/137-1-0-5703 5. https://www.youtube.com/watch?v=nW6r-uNR1E4 «Балет невылупившихся птенцов» мультфильмі
30	Музыкадағы төлдер бейнесі	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017
8-бөлім. Саяхат		
31	Бұлақ сылдыры	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. http://wav-library.net/sounds/nature_water/rodnik_malenkij_rucheek_zvuk_mp3_skachat/135-1-0-15192
32	Жайлау өуені	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=Qlc_Lwx_5DU
33	Дала өуені	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. https://www.youtube.com/watch?v=LtrAzSLojxM
34	Қала үні	1. Құлманова Ш., Сүлейменова Б., Мирманов Н. Фонохрестоматия. Музыка. 2-сынып. 2017 2. Қазақша уикипедия. https://kk.wikipedia.org/wiki 3. http://wav-library.net/sounds/city_country/shum_goroda_sireny_zvuk_mp3_skachat/27-1-0-5824

ТАПСЫРМАЛАРДАҒЫ ТОРКӨЗДЕР МЕН СӨЗЖҰМБАҚТЫҢ ЖАУАБЫ

7-бет

1. түйе
2. қоян
3. жылан
4. құс

16–17-беттер

1. робот
2. қуыршақ
3. айфон
4. паровоз

18-бет

1. екпін
2. ырғақ
3. дыбыс күші
4. дыбыс биіктігі

30–31-беттер

- | | |
|------------|-------------|
| 1. даңғыра | 4. дауылпаз |
| 2. қобыз | 5. қоңырау |
| 3. асатаяқ | 6. сырнай |

34-бет

1. «Шығыс базары»
2. Алматы
3. Астана

70-бет

- | | |
|--------------|----------|
| 1. коньки | 3. шана |
| 2. мұзайдыны | 4. шаңғы |

95-бет

1. шешен
2. армян
3. украин
4. түрік
5. қырғыз
6. қазақ

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. ӨЗІМ ТУРАЛЫ

Алғы сөз.....	3
<i>1-сабақ.</i> Музыкалық қоржын	6
<i>2-сабақ.</i> Ойыншығыма арналған бесік жыры	9
<i>3-сабақ.</i> Сүйікті әуендерім	13
<i>4-сабақ.</i> Ақылды ойыншықтар	15

2-бөлім. МЕНІҢ ОТБАСЫМ ЖӘНЕ ДОСТАРЫМ

<i>5-сабақ.</i> Өзім туралы	24
<i>6-сабақ.</i> Мен және менің достарым	26
<i>7-сабақ.</i> Мен және менің отбасым	28
<i>8-сабақ.</i> Менің музыкалық отбасым	30
<i>9-сабақ.</i> Бір отбасы оқиғасы.....	32

3-бөлім. МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

<i>10-сабақ.</i> Сыңғырлаған қоңырау.....	39
<i>11-сабақ.</i> Мектептегі бір күнім.....	40
<i>12-сабақ.</i> Менің ұстазым.....	44
<i>13-сабақ.</i> Көңілді үзіліс	46

4-бөлім. МЕНІҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ

<i>14-сабақ.</i> Туған өлкемнің табиғаты. Қыс	53
<i>15-сабақ.</i> Қарлы тау әуені.....	56
<i>16-сабақ.</i> Менің Отаным – Қазақстан	58

5-бөлім. ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

17-сабақ. Кел, билейік!.....	65
18-сабақ. Қысқы спорт түрлері.....	70
19-сабақ. Пинг-понг	72
20-сабақ. Ас – адамның арқауы.....	73
21-сабақ. Стадион үні	76

6-бөлім. САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР

22-сабақ. Халық әуені және ырғақтары.....	82
23-сабақ. «Ортеке»	83
24-сабақ. Күй тартыс.....	88
25-сабақ. Сыбызғымен жеткен көне аңыз	91
26-сабақ. Қош келдің, Наурыз!	93

7-бөлім. ҚОРШАҒАН ОРТА

27-сабақ. Көктем әуендері.....	99
28-сабақ. Көктем жаңбыры	102
29-сабақ. Музыкадағы құстар бейнесі	105
30-сабақ. Музыкадағы төлдер бейнесі	109

8-бөлім. САЯХАТ

31-сабақ. Бұлақ сылдыры	115
32-сабақ. Жайлау әуені	118
33-сабақ. Дала әуені.....	122
34-сабақ. Қала үні.....	124
Глоссарий	129
Сабақта пайдаланатын оқу ресурстары	134
Тапсырмалардағы торкөздер мен сөзжұмбақтың жауабы	140

Оқу басылымы

**Құлманова Шолпан Бөрібайқызы
Сүлейменова Бота Раманқұлқызы
Тоғжанов Төлепберген Төрахметұлы**

МУЗЫКА

Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *Р. Райбаева*
Корректорлары *Е. Амангелді, Ү. Зәуірбекова*
Көркемдеуші редакторы *Н. Тілеуімбеков*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Компьютерде беттеген *С. Төлегенова*

ИБ № 003

Теруге 12.01.2017 берілді. Басуға 11.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x108 ¹/₃₂.
Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз. Шартты баспа табағы 15,12. Есептік баспа табағы 5,15.
Таралымы 100 000 дана. Тапсырыс № 2405.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.